Декларированный перечень описаний общих характеристик обучения, ожидаемых и требуемых от учащихся на каждом уровне. Такие дескрипторы уровней позволяют определить тип требований или ожиданий для учащихся на каждом из установленных уровней. Эти дескрипторы ориентируют учащегося и преподавателя в вопросах сложности программы, относительности требований и свободы учащегося в освоении материалом. Эти общие дескрипторы могут быть применены к предметным дисциплинам и способам обучения. Дескрипторы уровней полезны для разработки учебных программ, назначении кредитов, оценки и признания предыдущего опыта обучения (в том числе – неформального обучения), а также в системе повышении квалификации ППС.

Mobility – мобильность:

Одной из основных задач Болонского процесса является содействие мобильности студентов, преподавателей, ученых и административно-управленческого персонала. Мобильность является неотъемлемым условием существования и развития Европейского пространства высшего образования (ЕВПО). Поощряется также виртуальная мобильность как замена физической мобильности. Мобильность студентов предполагает возможность частичного обучения в европейских вузах-партнерах с последующим признанием как времени обучения в зарубежном вузе, так и полученных там переводных зачетных единиц (Европейская система переводных зачетных единиц — ECTS).

Мобильность студентов предполагает также доступ к сопутствующим услугам в принимающем вузе. Инструментами осуществления мобильности являются, в частности, ECTS, Приложение к диплому, сети ENIC Network/NARIC Network. Для преподавателей, ученых и административно-управленческого персонала мобильность означает возможность проведения научных исследований и осуществления преподавательской деятельности, а также стажировки и обмен профессиональным опытом в разных странах-участницах Болонского процесса с соблюдением их прав в установленном законом порядке. Важным составляющим компонентом мобильности является социальный аспект (социальная направленность). При этом следует отметить, что программы мобильности являются важной составляющей Болонского процесса, однако не носят обязательного характера и осуществляются в рамках подготовленных вузами проектов.

Module – модуль:

Термином «модуль» часто заменяют понятие «раздел курса» в системах модульного обучения, программы которых содержат разделы одинакового объема (часто по 5-6 кредитов) или кратного этой единице объема. Модуль может быть содержательной составляющей образовательной программы, но может быть и независимым от этой программы разделом курса.

National framework of qualifications – национальная система квалификаций:

Описание национальной системы образования, однозначно определяющее сущность и взаимосвязь всех уровней квалификации и иных возможных результатов обучения в единственной для данной страны схеме.

Non-referenced assessment – «относительный» контроль знаний:

В такой схеме контроля, знания одного учащегося оцениваются по отношению к знаниям другого, как правило, внутри одного потока. Этот подход предполагает существование «нормального распределения» способностей студентов и результатов их обучения на каждом этапе контроля.

Optional course – курс по выбору (электив):

Раздел курса или модуль, который может быть выбран как часть учебной программы, но не является обязательным для всех студентов.

Profile – профиль:

Понятие «профиль» может быть отнесено как специфике области изучения или квалификации (предметной области), так и более широкому ряду областей, связанных общей направленностью или значимостью, например, область прикладных технологических программ (vocational study) отличается от области теоретического академического обучения.

Qualification – квалификация:

Документ о степени, диплом или сертификат, выданные компетентным органом управления и свидетельствующие об успешном завершении обучения по признанной программе.

Qualification descriptors – дескрипторы квалификации:

Обобщенные описания итогов обучения. Содержат четко сформулированные условия («точки отсчета») принадлежности к квалификациям; часто сопоставляют их с национальными уровнями.

Reference points – условия («точки отсчета»):

Непредписываемые указатели принадлежности к квалификации, формулируемые как итоги обучения и выраженные в терминах компетенций; являются базой для разработки и реализации квалификационной программы.

Recognition of periods of study abroad – признание периодов обучения за

рубежом:

По правилам ECTS признание периодов обучения за рубежом требует, чтобы число кредитов, зачтенных студенту по результатам успешного освоения раздела курса/модуля в вузе, где он временно обучался по Соглашению об обучении, соответствовало бы тому же числу кредитов в университете, где он обучается постоянно.

Resit examination (exam) – повторный экзамен:

Студентам, не сдавшим экзамен (или не прошедшим иную аттестацию) в установленный срок может быть предложена возможность сдать повторный экзамен (пройти аттестацию) в более поздний срок.

Second cycle degree – степень второго цикла:

Квалификация высшего образования, присваиваемая по успешному завершению второго цикла обучения, который может включать определенную научную работу. Нормально, эту степень могут получить учащиеся, имеющие степень первого цикла.

Seminar – семинар:

Аудиторное занятие, проводимое под руководством преподавателя, имеющее целью углубленное изучение определенной темы и предполагающее надлежащую подготовку и активное участие учащихся. Обычно проводится одним преподавателем в небольшой группе студентов.

Student workload – трудоемкость учебной работы студента:

Измеренное в часах предполагаемое время, необходимое среднему студенту (данного цикла/уровня) для достижения установленных итогов обучения. Это время включает все предполагаемые для данного студента этапы учебной деятельности (например, лекции, семинары, практическая и самостоятельная работа, консультации, экзамены).

Study programme – программа обучения:

Согласованный набор разделов курсов или модулей, освоение которых необходимо для получения той или иной степени; определяется в терминах итогов обучения, достижение которых обуславливается накоплением установленного числа кредитов.

Thesis – диссертация:

Представленный по определенным правилам (формально) письменный отчет (доклад), основанный на независимой (оригинальной) научно-исследовательской/проектной работе; является необходимым условием получения степени (как правило, второго уровня или докторской). Другое название – диссертация (dissertation).

Tuning – тюнинг (настройка):

Тюнинг – настройка различных инструментов в оркестре, чтобы музыка звучала без нежелательных диссонансов. Проект ЕВРОТЮНИНГ предполагает создание согласованных условий («точек отсчета») организации структур высшего образования в Европе, признавая, что многообразие традиций есть позитивный фактор создания общего академического пространства.

Tutorial – групповые консультации:

Аудиторное занятие, проводимое преподавателем и имеющее целью более углубленное изучение или повторение обсуждаемого материала раздела курса или модуля. Обычно проводится одним преподавателем в малой группе студентов.

Таким образом, в данной глоссарии представлены основные понятия, необходимые как для преподавателя, так и для студента. Понимание и оперирование этими терминами способно расширить возможности художественного образования, вывести его на новый качественный уровень, обеспечит процесс дальнейшего непрерывного обучения и

компетентностного подхода. Современное художественное образование предполагает формирование не просто художника или художника-педагога, но, прежде всего, грамотного специалиста в области менеджмента, который сумеет правильно управлять своими способностями, способными обеспечить полноценную, яркую и полезную для своего отечества жизнь.

1. Реформирование высшего образования в Казахстане и Болонский процесс: информационные материалы для практических действий. – Алматы, 2009. – 120 с.

Түйін

Бұл мақалада Болон келісіміне байланысты көркем білім беру проблемалары туралы мәселелер қарастырылып, сонымен қатар «TEMPUS» халықаралық жоба негізінде қарастырылған шет елдік және өзіміздің Отандас ғалымдар мен мамандармен құрастырған глоссарии ұсынылған.

Summary

In given article are considered questions of specificity of the Bolonsky agreement about (или concerning) Art education possibility.

ОРГАНИЗАЦИЯ НАТУРНЫХ ПОСТАНОВОК

О.Т.Абишева –

ст. преподаватель кафедры живописи КазНПУ им.Абая

Организация постановки имеет образовательное и воспитательное значение. Подбор модели или предметов, поиск их сюжетной, живописно-пластической группировки является живым творческим делом. Оно потребует от учащегося известного опыта, профессиональной культуры. На основе натуральных постановок осуществляется практическое познание закономерностей реалистического изображения формы в пространстве, овладение профессиональной грамотой и мастерством, воспитывается художественный вкус, чувство гармонии.

Студенты как будущие художники должны учиться самостоятельности в организации натуральных постановок по живописи - натюрморта, портрета, фигуры. Можно воспользоваться примерной тематикой постановок, рекомендованных соответствующими учебными программами.

Руководство при организации постановок. Одно из главных требований, которое предъявляется к учебной постановке, это жизненная правда. Это требование должно определять подход к подбору модели, типажа, сюжетного замысла. Любая имитация, подделка под жизненную ситуацию недопустима.

Постановки должны быть содержательными, с ясной и четко выраженной задачей, и в то же время они должны нести активный нравственно-эстетический заряд, интересным композиционно-пластическим и цветовым характером вызывать у студента положительные эмоции, интерес и желание работать, активизировать их познавательную и творческую деятельность.

В качестве модели, особенно в портретных заданиях, желательно подбирать человека с выразительной пластической характеристикой, с ясно выраженными психологическими особенностями и профессиональной принадлежностью. Однако надо предостеречь студента от увлечения показом профессиональной принадлежности человека через обилие деталей. Часто это уводит от главного - от передачи индивидуальных особенностей, а также усложняет задачу достижения живописной цельности и выразительности образа. Надо избегать статических поз, ракурсов, надуманных жестов.

Нужно внимательно относиться к каждому элементу, вводить лишь те предметы, которые помогают выявить характерное, создают красивый тонально-цветовой ритм. Например, И.Е.Репин подходил к постановке необыкновенно тщательно. Он сознательно составлял натюрморт из предметов, сближенных по цветовым оттенкам, чтобы воспитать в студенте способность находить и передавать тончайшие живописные отношения в этих сближенных тонах. Такой же подход в воспитании живописца можно видеть у многих других художников-педагогов - П.П.Чистякова, В.А.Серова, К.И.Куинджи и др., которые учили гармонии цветовых отношений.

Важное значение имеет умелое использование света. Удачное освещение позволяет с достаточной ясностью и четкостью выявить конструктивные особенности, пластические качества, характер формы, тонально-цветовые отношения природы, придать ей определенную эмоциональную выразительность, цельность. Насыщенные деталями формы желательно объединить большой тенью или светом.

Полезно ставить постановки на активном свете (например, на окне), возле источника света или, наоборот, в глубине комнаты, в затененном месте, при боковом, прямом, верхнем, рассеянном свете, на различном удалении от рисующего. Темные предметы нужно располагать на светлом, светлые на темном, насыщенные по цвету - на монохромном фоне и т.п. Такое сопоставление позволяет понять, как при различных условиях освещения, окружения и пространственного удаления природы изменяется ее общее тонально-цветовое состояние, выразительность, что, в свою очередь, требует каждый раз иного творческого подхода к решению композиционных, живописно-пластических задач.

Ставить постановку нужно так, чтобы она имела хороший обзор, не теряла своей содержательности, привлекательности с разных точек зрения. Надо учиться успешно решать путем поиска композиционной, живописно-пластической выразительности этюда максимального использования ракурса, линии горизонта, формата, цветовых характеристик природы, света и т.д./1/.

В восприятии предмета исключительную роль играет фон. Изменение фона неизбежно влияет на видимый цвет, тон, контрасты, детали, и даже на величину предмета. В учебных постановках на первоначальном этапе, особенно в живописи головы, фигуры, чаще используется фон спокойный, простой, светлее или темнее собственных теневых мест натуры, чтобы хорошо читалась большая форма. Фон должен быть менее активным, особенно по цвету, деталям, контрастам, нежели первый или второй план натуры.

Тональные возможности различных красок неодинаковы. Вот почему при выборе предметов для постановки, в решении ее общего тона надо учитывать возможности живописных материалов. Стремление студентов как можно точнее передать видимые тонально-цветовые характеристики предметов натуры часто приводит к потере в акварели прозрачности, чистоты и мягкости цвета. Цвет становится грязным, глухим, а живопись слабой, с грубыми ошибками в тоне. Эти недостатки чаще встречаются в том случае, когда постановка организована из предметов с очень темной окраской/2/.

Иногда постановки надо ставить коллективно, это будет развивать творческое мышление, помогать приобретать навыки в организации постановок/3/.

При длительном задании можно рекомендовать следующую методику его выполнения. С поставленной модели или натюрморта вначале выполняется кратковременный этюд (0,5-1 час) и несколько композиционных набросков. Затем, если в результате обсуждения в группе и с ведущим преподавателем возникает необходимость каких-либо изменений в постановке, они вносятся. После этого постановка утверждается, и студенты приступают к длительному этюду. Такой подход порой необходим, если в начале работы над постановкой замечены недостатки, которые мешают выявлению учебной цели или могут привести к заведомо слабым результатам и напрасной потере времени.

1. *Ивахнова Л.А. Научные основы художественно-педагогического образования учителя изобразительного искусства. - Алматы, 1996.*
2. *Яшухин А.П.. Живопись. - М.: Просвещение, 1985.*
3. *Неменский Б.М. Изобразительное искусство: Методическое пособие. - М.: Просвещение, 2009.*

Түйін

Бұл мақалада тұлғаға қарап кескіндеме жазуда оқу қойылымдарын ұйымдастырудағы басты мәселелер қарастырылған

Summary

The article discusses the organization of full-scale productions, the importance and seasoned professional mastery of literacy and skills training hudozhestvnneogo taste and sense of harmony.

ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИЕТ – АДАМЗАТ ДАМУЫНЫҢ ЗАҢДЫ САТЫСЫ

К.К. Келденова –

живопись кафедрасының аға оқытушысы

Рухани салада ұлттық құндылықтар – орасан зор интеллектуалдық байлық екені және жалпы адами құндылықтарды, халықтардың мәдени және ізгілікті дәстүрлерін, жалпыұлттық жасампаз процесті қайта өркендетудің ұшан-теңіз қоры екені баршаға мәлім. Бүгінде білім беру жүйесінде бейнелеу өнерін оқытудың педагогикалық негіздерін халықтың дәстүрлеріне, халықтың қолөнеріне, соның ішінде ұлттық ою-өрнекке арқа сүйеп жетілдіруді одан әрі қамтамасыз ету ерекше маңызды болып отыр.

Олардың пікірлерінше, тұлғаның үйлесімді дамуына, бір жағынан, еңбексүйгіштікке тәрбиеленуі, екінші жағынан – халқының тарихы мен мәдениетіне асқан ізгілікпен қарауы ықпал етеді. Аталған зерттеулердің нәтижелері халық өнерінің «бейнелі тілінің» ерекшеліктері оның эстетикалық-тәрбиелік әсерін күшейтетінін, қоршаған дүниенің құбылыстары мен заттарына эстетикалық зеректігін дамытатынын дәлелдейді. Тарихи жады, уақыттар байланысы, халықтың дүниетанымы нағыз ұлттық өнерде сақталады. Сөйтіп, ұлттық тиесілігі сезімін, мүдделерін, «өзінің» мәдениеті үшін мақтаныш сезімін дамытумен етене байланысты ұлттық мәдениетті меңгеру басқа халықтардың мәдениеттерін құрметтеумен ұштасуы – қазіргі заман балаларын тәрбиелеу ісінің маңызды қыры.

Ұлттық өзіндік сананы дамыту мен қалыптастыруда этникалық факторлар үлкен рөл атқарады. Этникалық мәселелер мен ұлтаралық қатынас мәдениеті, өнер, мәдени антропология және қазіргі педагогика теориясының көптеген мәселелерін зерттеудің маңызды бағыты болып табылады. Ұлттық өзіндік сана – бұл, шын мәнінде, халықтың өзінің әлеуметтік-этникалық мәнін ұғынуы, ол адамзат тарихында қандай шынайы рөл атқарғанын немесе атқаруы ықтимал мүмкіндігін, оның жалпы адамзат өркениетіне қосқан үлесі қандай екенін түйсінуі. Басқаша айтқанда, ұлттық мәдениет өзінің көркем және эстетикалық өлшемінде – бұл дүние құрылысының өзінше бір үлгісі, адам қабылдап, игерген ғарыш сияқты адамзат бағындырған дүние және оның тарихи тіршілік ету ортасы.

Мәдениеттанушы Д.Н.Нұрманбетованың пікірінше, менталитет ұлттық өзіндік санада дүниенің үйлесімді ұлттық бейнесін ұтымды, қисынды құралдармен емес, этностың рухани, көркем мәдениетін символикалау арқылы құрастыру функциясын атқарады. Осындай модификация ұлттық мәдениеттің темпоральдылығын өзгертуді білдіреді [1]. Осы айтылғандар нағыз рухани, көркем мәдениет ұлттық өзіндік сананы қалыптастыру құралы болатынын растайды. Этникалық мәдениеттің эволюциясы мен түрленуі өнер құбылыстарында айқын ашылады және, керісінше, өнер көбіне мәдениетті, жалпы этносты бекітуші база болып табылады, яғни этномәдениет жүйесінде өнер нығайтушы фактор болады. Бұл әсіресе ұлттардың және ұлттық өнердің

калыптасу кезеңіне қатысты, онда этномәдени бірлікті қалыптастыру процестері оған тән әлеуметтік-экономикалық және саяси-әлеуметтік даму шарттарына байланысты болады. Формалистік тұжырымдама бойынша, ұлттық тілінде, сенімінде, түсініктерінде, тарихи тәжірибесінде және т.б. арнайы ұқсас сипаттамаларға ие халықтың өзін-өзі бекітіп, танытуы арқылы туындайды. Ұлтжандылықтың мәдени негіздемесі әрдайым мемлекеттік қауымдықтың бекітілуімен толықтырылады. Мұндай тұжырымдамалар көбіне аталған халықтың қандай да бір белгілерін – әрдайым жағымды – имманентті оған тән және оны басқа халықтардан айрықшалайтын идеологиялық құрылымдарында – суреттеу және санамалау ретінде құрылады.

Ұлттық мәдениет гомогенді этникалық қауымдық шеңберімен шектеле алмайды. Керісінше, ұлттың толыққанды дамуы рухани бағдарлары мен өмір сүру салтын этникалыққа қарағанда анағұрлым жоғары деңгейде саралауды талап етеді. Ол этникалық, географиялық, әлеуметтік, шаруашылық және таптық факторлардан туындаған субмәдениеттердің әр алуан нұсқаларын қамтиды. Ұлттың бірдейлікті бекіту арқылы қалыптаспайтыны жиі атап көрсетіледі. Ол – әр текті компоненттерден тұратын, дегенмен жеке-жеке алғанда олардың әрқайсысы осы ұлтты айрықшалайтын жалпы мәдени белгілерді қамтитын мүлдем біртекті емес құрылым.

Этностардың ұлтқа енуі олардың бүкіл ұлттық мәдениетті меңгергенін білдірмейді. Олар ұлттың рухани мәдениетін ішінара ғана қабылдап, өзінің субмәдениетін түзеді. Ұлттық мәдениеттің қандай белгілері осы этностың субмәдениетіне қабылданғанын және жалпы ұлттың кірігуі қалай жүзеге асырылатынын тек нақты талдаудың көмегімен ғана білуге болады.

Ұлттық мәдениеттің ең басты және ең тартымды ерекшелігі – бұл оның таң қаларлық алуан түрлілігі, өзіндік ерекшелігі және қайталанбастығы. Өз мәдениетінің ерекшеліктерін дамыта отырып, ұлт еліктеуден және ездікпен көшіріп алудан қашып, мәдени өмірін ұйымдастырудың өз нысандарын жасайды. Даралықтың кез келген көрінісі сияқты, ұлттық мәдениеттің өзіндік ерекшелігі де ұлттың жалпы өркендеуімен, өзінің әлем өркениетіндегі болашақ орнына сенімділігімен бірге байиды.

Нақты ұлттың қалыптасу кезеңінде ұлттық мәдениеттің этноқызықтырғыш және этносаралағыш қасиеттері көрініс береді. Ұлттың өзіндік ерекшелігі, ұлттың дүниені қабылдау ерекшеліктері этностардың мәдениетінде жарқын көрініс табады. А.Г. Агаевтың пайымдауынша, «...мәдениет халық жасаған құндылықтарды ғана емес, халықтың соларды жасау, бөлісу және игеру жөніндегі шығармашылық қызметін де білдіреді. Сондықтан да мәдениеттің болмысы осы қызмет нысандарының, темптерінің, ауқымдарының, жай-күйлерінің және нәтижелерінің алуан түрлілігінен көрінеді» [2]. Сондықтан жиынтығында мәдениеттің ұлттық өзіндік ерекшелігін түзетін осы екі нәрсе өнердің әрбір жанрында ерекше тұрады.

Кез келген этноста ұлттық дүние көптеген халықтардың мәдени құндылықтарын өз бойына жылдам сіңіре отырып, жалпыадамзаттық

дүниелерге негізделеді. Сондықтан ұлттық-ерекше дүниелерді жалпыадамзаттық дүниелерден бөліп алуға болмайды. Ұлттық мәдениет – адамзаттың қадамдап дамуының заңды сатысы. Дүниежүзілік мәдениет – бұл, ең алдымен, ұлттық мәдениеттердің жиынтығы. Ұлттық мәдениеттің үздік жетістіктері дүние жүзінде танылып, ұлтаралық мәдениетке кіреді, өйткені олар жалпыадамзаттық идеалдарды қамтиды. Әр халықтың ұлттық өзіндік ерекшелігі тарихи қалыптасқан. Тек толыққанды және жалпыадамзаттық мәні бар ұлттық мәдениет қана халықтың құрып кетпеуіне кепілдік береді, өйткені мәдениет, В.М. Семёновтың айтуынша, этностың шығармашылық қуатын басты танытушы және тарихи дамудың негізгі мақсаты. Мәдениет – ұлттықты танытудың неғұрлым лайықты деңгейі ғана емес, ол бізге өзімізді басқа халықтардың түсінуіне де жақсы мүмкіндіктер береді [3].

Әрбір ұлттық мәдениеттің өз жемістері: рухани нәтижелері мен жаңалықтары, өздерінің драмалары мен трагедиялары, өзіндік дүниетанымы бар. Оны дамыту залалсыздандырылған колбада емес, әлеуметтік қайшылықтар, прогрессивті дәстүрлердің ескінің қалдықтарымен және консервативті құбылыстармен күресі жағдайларында жасалады. Әр халық бүгінде өзінің болашағын өмір сүруінің және жалпы әлем мәдениетіне кірігуінің кепілі болып табылатын ұлттық мәдениетпен байланыстырады. Бұл идеяның өзінің имманентті логикасы бар: нақ осы идея ұлттың рухани және интеллектуалдық әлеуетін қолдайды, адамның шығармашылық қызметіне импульс береді, халықтың рухани саулығын нығайтады, оның ұлттық-ізгілікті идеалын жасайды. Әрбір ұлттық мәдениет бүкіл адамзатқа тиесілі және бүкіл дүние жүзі алдында өзін-өзі танытуға міндетті. Біздің ұлттық мәдениеттеріміздің әрқайсысына болашақта жаңа заманның дүниежүзілік мәдениетінде өз сөзін айту керек болады. Балтық мемлекеттеріне өз мәдениет үлгісі тән, ортаазиялық республикаларға – басқасы және т.с.с. Алайда осы мәдениеттердің әрқайсысы өзінің бірегей, өзіндік ерекше жолымен жалпы адами құндылықтарға келе жатыр.

Көркем мәдениет жүйесінде ұлттық өзіндік сананың ажырамас элементтері ұлттың және жеке тұлғаның санасында бұрынғы өмір сүру тәжірибесін, этномәдени қарым-қатынастарды, оқиғалар мен құбылыстарды сақтайтын және қайта жаңғыртатын әлеуметтік жады, топонимика және ономастика болып табылады. Ұлттық өзіндік сана өз мәдени-тарихи даму динамикасында суретшілердің шығармашылық сана жүйесі арқылы оның ұлттық қатынастардың әр түрлі факторлары мен қағидаттарының ықпалымен қалыптасқандығына жеткілікті дәлел береді. Әлеуметтік жады этностың рухани өмірінің түп тамыры сияқты. Ол барлық мәдени-тарихи оқиғалар мен фактілерді барынша нақты түрінде жеткізеді.

Этникалық жады мен ұлттық өзіндік сананың қалыптасу факторларының бірі топонимика болып табылады, өйткені топономикалық атаулар ғасырлардан-ғасырларға беріліп, этникалық жадыда сақталады. Туған өлке – әр адамның этникалық бесігі, осы бесік оның тарихи, әлеуметтік

жадында өмір бойына сақталады. Әлеуметтік жады жүйесінде этникалық санамен тығыз байланыста болатын ономастика үлкен рөл атқарады. Этникалық сана – материалдық, әлеуметтік және рухани мәдениеттің этникалық анықталған элементтерін ғана емес, сонымен қатар этностың даму тарихы бойына қалыптасқан этникааралық қатынастарды да ұғыну.

Соңғы кездері этникалық сананың ономастикамен байланысты генезисі мен функцияларын зерделеуде ғалымдар тарихи және әлеуметтік жадыға сүйене бастады. Өйткені өткен заманның және қазіргі кездің адам аттары мен тектерінің атауларында көптеген қызықты этномәдени материалды табуға болады, ол белгілі бір даму кезеңдеріндегі қоғамның жай-күйі туралы, рухани мәдениеттің, этникалық мұраның, сондай-ақ ұлт тарихының ерекшеліктері туралы сыр шертеді. Тұлғааралық қатынаста аттар мен тектердегі ұқсастық пен айырмашылықты бекітудің ұлттық өзіндік сана үшін елеулі маңызы бар. Этномәдени байланыстар барысында адамдар қабылдауға дағдыланып алып, сыртқы дүниенің өздеріне таныс құбылыстарын меңгереді. Бұл – адамдарға бала кезден үйреншікті болып кететін рухани және эмоциялық дүние, жақын жандарыңның: ананның, әпкеннің, сүйіктіңнің, туған өлкенің, еліңнің аттарын ұмыту мүмкін еместігі сияқты, оны да ұлттық өзіндік санадан ығыстырып шығарып жіберу мүмкін емес. Әлеуметтік жады жүйесінде және дара санада ұлттық жалқы есімдер үлкен рөл атқарады. Олар этникалық сана мен ұлттық тиесілік белгілерін тасушы ғана емес, сонымен бірге халықтың тарихы мен этнографиясын, оның мәдениеті мен ойлау ерекшеліктерін көрсетеді.

Басқа да ежелгі халықтар сияқты, қазақ этносының өзін-өзі мәдениеттанушылық сәйкестендіруі өнер арқылы жүзеге асырылды. Көшпенді қазақтар қоғамы оның көпғасырлық тарихы ішінде матриархаттан патриархаттық-рулық құрылысқа, әскери демократия кезеңінен феодализмнің ерте нысандарына эволюцияланып отырды. Бірақ көшпенділіктің басты ерекшелігі – өмір сүруін ұйымдастырудың ерекше тәсілі іс жүзінде елеулі өзгерістерге ұшыраған жоқ. Қазақтардың дәстүрлі (көркем-қолданбалы, сәндік) өнері барынша жоғары даму сатысында болды [3].

Қазақтар өмірінде көшпенді шаруашылық жетекші орын алған әлеуметтік-мәдени қауымдықтардың мұрагері болғанын естен шығармау керек. Халқымыздың ғасырлар бойы жинақтаған және ұрпақтан ұрпаққа берілетін қолданбалы өнерінің, дәстүрлі қолөнері мен ғұрыптарының жиынтығы, сонымен қатар бейнелеу, сәулет және рухани мұрасы біздің халқымыздың – ежелгі сақтардың, ғұндардың және түркілердің тарихи мұрагерінің этникалық сәйкестілігімен тығыз және көп қырлы байланыста дамитын біздің мәдени мұрамыздың ажырамас компоненттері болып табылады.

Қазақстанның аумағында бағзы замандардан бері көшпенді және отырықшы-көшпенді мемлекеттіктің әр түрлі үлгілері бірін-бірі алмастырды, өткеннің ұлы империялары өркендеді, күйреді, бірақ халықтың мәдениеті

өзгеріссіз қалды. Оның өнері ғасырлар бойы ұшталды, сондықтан талғамсыздықтан ада дерлік, өйткені өнерді барлығы және баршаға арнап, сан ғасырлық дәстүрлер шеңберінде тудырды. Сұлулық туралы түсініктердің бірлігі көркем стильдің де бірлігін анықтап берді, бұл, сауыт сияқты, халық шығармашылығын барлық бөгде және агрессивті дүниелерден қорғап қалды. Мәдениет бастау алатын негіздердің ұлысы – тарихи жадының күші осындай. Мәдениетті жасауға әр кезде қазақтардың көптеген ұрпақтары қатысты. Бұл аса маңызды шығармашылық процесс, ең қажеттісі ғана біртіндеп есте сақталып отырды. Қазақстанның мәдени мұрасының тарихы – бұл уақыттың жансыз күшіне қарсы тұратын біздің тарихи жадымыздың тарихы деуге болады. Халық шеберлерінің бір қарағанда қарапайым болып көрінетін, шын мәнінде әсем көркем туындылары туған өлкеге сүйіспеншілік сезімін дарытуға көмектеседі, табиғатты көре де, сүйе де білуге, қазақ халқының және басқа халықтардың дәстүрлері мен ғұрыптарын бағалауға, ересектердің еңбегін құрметтеуге үйретеді. Ұлттық сәндік-қолданбалы өнер шығармаларындағы ою-өрнек арқылы оқушылардың санасында сұлулық пен мейірімділік туралы түсінік қалыптасады.

Сондықтан тарих пен мәдениет ескерткіштеріне қатынасымыз біздің рухани кемелденгендігіміздің айшықты көрсеткіші болып табылады. Мысалы, сақтардың хайуанаттар стилін алыңыз, осы дәуірдің бізге талып жеткен белгілерін қазақтардың қазіргі оюларынан көресіз, тәуелсіздігіміздің белгісі – алтын жауынгерді алыңыз, оның үшкір төбелі бас киімі мен орта ғасырларда қазақтың тұрмысқа шықпаған жас қыздары киген сәукелеміз арасында керемет ұқсастық табасыз.

Қазақ халқының ұлттық өнерінің түп тамыры ғасырлар тереңіне бойлап кетеді және Қазақстанның қазіргі көркем мәдениетінің іргетасы болып табылады, демек, халық өнерінің, халық мәдениетінің өмірсүйгіштігі мен оптимизмін бойға сіңірмейінше, қоғамның бұдан әрі рухани, ізгілікті жетілуі мүмкін емес. Ол бастауыш мектеп оқушыларына көркем-эстетикалық тәрбие беру, рухани қажеттіліктерін дамыту, көркем талғамын қалыптастыру, шығармашылық қабілеттерін өсіру саласындағы аса қиын міндеттерді шешуге ықпал етеді.

1. *Нурманбетова Д.Н. Детерминация человеческой индивидуальности. - Алматы: Акыл кітабы, 1998.*
2. *Агаев А.Г. К вопросу о теорис народности. - Махачкала, 1965.*
3. *Семёнов В.М. Национальное сознание и национальная культура (методологические проблемы). - М.: Институт философии РАН, 1996.*
4. *Ақышев К. Археологиялық аса бағалы ескерткіштер. Ежелгі мәдениет куәлері. - Алматы, 1966.*

Резюме

В статье рассматривается значение национальной культуры в формировании личностной культуры школьников, раскрыта роль в процессе формирования положительной национальной самоидентификации детей.

Summary

The article discusses the importance of national culture in shaping the personal culture of students, revealed a role in the formation of a positive national identity of children.

ҚАЗІРГІ КЕЗЕҢДЕГІ ТЕРРОРИЗМ МЕН САЯСИ ҚАҚТЫҒЫСТАР МӘСЕЛЕСІ

А.Қ. Жеделов –

Каспий қоғамдық университетінің I-курс магистранты

Қазіргі кезеңдегі терроризм мен саяси қақтығыстар тарихи кезеңдермен саяси үдерістер айдынында қатар келіп, халықаралық қатынастардың жаңа әлемдік тәртіп кезеңіндегі жаңа қауіп қатерлер сериясын жаңартып отырғаны белгілі, олай болса бұл мәселелер қауіпсіздік мүдделерінің аймақтық және халықаралық бірлестіктер ауқымындағы шараларының басты міндетіне айналғаны да күрделі мәселе.

Мемлекеттің немесе бірнеше мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету тек қорғаныс мүмкіндігін көтеру арқылы жүзеге асырылмайды. Өңгіме жаңа көпжүйелі әлемді құру туралы, халықаралық қауіпсіздік құрылымына негізделген – аймақтық (ЕҚЫҰ, АСЕАН форумы және т.б.) және ғаламдық деңгейде – БҰҰ. “Қырғи қабақ” соғыс аяқталғаннан кейін әлемдік жүйеде жаңадан қалыптасқан халықаралық қатынастарда бос кеңістік қалыптасты, бұрынғы күштердің арасалмағы бұзылды. Мұндай үрдістер жаңа қауіптің пайда болуына әкелді, мысалға АҚШ-ң Югославияда диктат орнатуға деген талпынысын еске алуға болады. Алайда, тәртіптің қайта құрылуы жаңа әскери-саяси одақтардың құрылуы немесе кеңеюі арқылы емес, НАТО соны көздейді, керісінше қауіпсіздік пен тұрақтылықты превентивті дипломатияның әсерлі тетіктерін қалыптастыру және қолдану арқылы халықаралық келісімдер мен келіссөздер жасасу.

2001 жыл 15 маусымдағы «Терроризм, сепаратизм және экстремизммен күрес туралы» Шанхай конвенциясында: «терроризм – қарулы қақтығыстар кезінде әскери іс-қимылдарға белсене қатыспаған кез келген азаматтық яки басқа да тұлғаларда өлім қаупін тудыратын немесе ауыр дене жарақатын жеткізетін және қандай да бір ұйым, сол тәрізді материалдық объектілерге зиян жеткізуші құбылыс. Іс-әрекетінде халықты қорқытып-үркіту, қоғамдық қауіпсіздікті бұзу немесе билік органдарына, халықаралық ұйымдарға белгілі бір іс-әрекетті істеуге яки істемеуге мәжбүр ететін және қылмыстық кодекспен қудаланатын, Жақтардың ұлттық заңнамаларына қайшы келетін әрекет /1/.

Терроризмнің мәнін бұлайша тұжырымдау оны әдеттегі қылмыстық істің қатарына апарып қояды. Бұл орайда террористік іс-әрекеттің саяси түрткі себебі көрсетілмейді, соның салдарынан терроризмге қарсы күресетін

мекемелер көбіне терроризм актілерін жоғарыда айтылған қылмыстық іс-әрекеттен айыра алмайды. /2/.

Жалпы, әлемдік саясаттың XX ғасырдың 90-жылдарындағы «қырғи қабақ соғыстың» ыдырауынан соң пайда болған көпполярлы кеңістігі жаһандану үдерісіне өтіп, жер бетіндегі орын алып отырған мәселелерді барлық мемлекеттерге ортақ қарау ұстанымын әкелді. Осы кезеңге дейін де қалыптасып келген аймақтық қақтығыстар мен террорлық әрекеттер қатері, ендігі жерде ортақ жаһандық мәселеге арқау болды.

Әсіресе, еуроазиялық құрлықтың тура ортасында орналасқан және Орталық Азия секілді бүгінгі аса ерекше геосаяси маңызға ие аймақтың көшбасшысы Қазақстан секілді ақуалды мемлекеттің сыртқы саясатын түзуде де, әлемдік саясаттағы терроризм және аймақтық саяси қақтығыстар секілді мәселелер бірінші кезекте қаралады. Қазақстанмен шекаралас Ресей секілді мемлекетте жылда орын алып отырған террорлық актілердің сабағы, таяушығыстық, Кашмир аумағы, Кавказ бөлігіндегі, Корей түбегіндегі және өзге де аймақтардағы орын алып отырған саяси қақтығыстардың тарихи, этникалық және ұлтшылдық негіздерінің бүгінгі тұрақтамау фактілерінің таралымына ден қою қажеттілігі басым ұстанымдарды қажет етеді.

Терроризммен күрес АҚШ-ты, Орталық Азия республикаларын, Ресей мен Қытайды біріктірді. Ұлттық қауіпсіздік саласында бұл мемлекеттердің әрқайсысы ислам бағытындағы лаңкестік ұйымдар тарапынан келген қауіппен соқтығысты. Енді Ресей шешен сепаратистерінің Усама бен Ладенмен және «Аль-Каидамен» байланысы туралы ешқандай кедергісіз айтса, Қытай Шыңжаңдағы ұйғыр сепаратистерінің «Аль-Каидамен» және «Талибан» қозғалысымен байланысын тапты. Ал Орталық Азия мемлекеттерінің басшылары үшін олардың авторитарлық тәртібіне өте зор нұқсан келтіре алатын мұсылман фундаменталистерімен күрестегі өз позицияларының нығайуы басымдық әкелді /3/.

Халықаралық мінберлерден, әртүрлі деңгейдегі ұйымдар мен интеграциялық бірлестіктер және жетекші мемлекеттер ұстанымдарынан айғақты терроризм мен саяси қақтығыстардың бүгінгі кезеңдегі әлеуеті ерекше. Себебі, олармен күрес қазіргі уақыт қарарларында басқаша сипат алып, өркениеттер көрсеткіші мен мүдделері ауқымында өзіндік реттелуін қатаң табу жолына бағытталып отыр. Ол аймақтық және халықаралық қауіпсіздік ұстанымдарына да жаңаша тұжырымдарды қажет етіп, шешімді дипломатиялық құжаттардың қабылдануына жол ашты. 2010 жылғы ЕҚЫҰ төрағалық ету барысында ҚР сыртқы істер министрі-Мемлекеттік хатшы Қ.Саудабаевтың сондай бір қақтығысы терең аймақ Таулы Қарабақ және өзге де мәселелі аумақтар мен мемлекеттерге жасаған миссиялық ресми сапарлары да көтеріп отырған мәселелердің бүгінгі халықаралық ұйымдар тарапынан шешім табуының озық тәжірибелерін көрсетуде.

Қазақстанның қарусыздану мен жаппай қырып-жою қаруын таратпау саласындағы саясаты халықаралық қауіпсіздікті нығайту, мемлекеттер арасындағы ынтымақтастықты дамыту, жаһандық мәселелер мен

қақтығыстарды реттеудегі халықаралық ұйымдардың ролін арттыру жолын ұстанатын сыртқы саяси бағытымен айқындалады. Қазақстан халықаралық лаңкестік пен есірткі тасымалы, діни экстремизм қаупі тарайтын Ауғанстанның жүйелі және тұрақты дамуына мүдделі. Орталық Азия аймағында бейбітшілік пен қауіпсіздіктің орнауына Ауғанстандағы жағдайдың реттелуі тікелей байланысты деп санайды. Сонымен бірге, әлемдік қауымдастық пен Біріккен Ұлттар Ұйымы Ауғанстан Үкіметімен тығыз қарым-қатынаста елді қалпына келтіру мен ондағы саяси жағдайды реттеу үдерісінде белсенді және маңызды рөл атқаруы қажет деп пайымдайды. Сонымен бірге, Ирактың қауіпсіздігі мен тұрақтылығын қамтамасыз ету жөнінде халықаралық міндеттемелерді қабылдап, ирак жеріндегі миналарды залалсыздандырумен айналысып отырған өзінің бейбіт сақтаушы күштерін қалдыру арқылы елдің тұрақтандыру процесіне үлесін қосуда. Қазақстан Таяу Шығыста баянды бейбітшілік пен тұрақтылықтың орнатылуына мүдделі. Бұл өз кезегінде бейбіт еңбек пен аймақтық өзара ынтымақтастығы мақсатында елдердің орасан зор материалдық және зияткерлік қорларын тиімді пайдалануға зор мүмкіндік беретін еді. Қазақстан палестиналықтар мен израильдіктер арасындағы мәселелерді шешу мақсатында олардың барлық келіссөздер әлеуетін толығымен пайдалануын қолдайды. Мүдделі тараптар күш-жігерінің басты мақсаты БҰҰ ҚК 242 және 338 қаулылары, Мадрид қағидаттары мен “жерді бейбітшілікке айырбастау” формуласы негізінде барлық бағыттағы бейбіт үрдісті жандандыру және алға жылжыту, Таяу Шығыс жанжалының барлық қатысушылары “Жол картасы” бейбіт реттеу жоспарында көрсетілген өздерінің міндеттемелерін орындауы тиіс.

Бүгінгі терроризм жалғыз жарым диверсанттар мен камикадзелер ғана емес, олар кең көлемді құрылымдық жүйе.

1. *Терроризм, сепаратизм және экстремизммен күрес туралы» Шанхай конвенциясы. I бабы. Шанхай, 15 маусым 2001, 4-бет*

2. *Қарин Е. Терроризмге қарсы күрес: жетістік және кемшілік.//Егемен Қазақстан. - 2002. - 14 тамыз. - Б.22*

3. *Ашимбаев М. Современный терроризм: взгляд из Центральной Азии. – Алматы, 2002. - С.16.*

Түйін

Бұл мақалада қазіргі кезеңдегі терроризм мен саяси қақтығыстардың кең ауқымда етек жаюы және оның Орталық Азияға тигізетін әсері, мәселесі қарастырылған.

Summary

In this article discusses the expansion of modern terrorism and political opposition to the large volume of theirs, and the possible consequences for Central Asia.

ӨНЕР САЛАСЫНДАҒЫ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР

Р.Б. Мизанбаев –

п.э.к., «Живопись» кафедрасының доценті,

Б.Бекенова –

«Живопись» кафедрасының аға оқытушысы, Абай атындағы ҚазҰПУ

Қазақстан бейнелеу өнерінің қалыптасуы және дамуында көркемсурет факультетінің алатын орны ерекше. Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университеті көркемсурет және графика факультеті 40 жылдан астам уақыт ішінде 3,5 мыңнан астам өнер саласынан мамандар дайындапты, оның ішінде: мұғалімдер, творчестволық жеке қызметте: графиктер, живописстер, мүсіншілер, дизайнерлер т.б. Қазіргі кезеңде факультет түлектері Қазақстан, Ресей, Франция, Бельгия елдерінде табысты еңбек етуде. Атап айтсақ Академик Ерболат Төлепбаев, Парижде – Бегов, Ресейде Медведев Г.Л., Амиргезин Қ.А., Қазақстанда Нақысбеков А.Ж. Дарын сыйлығының лауреаты Қожағұлов Т.М. т.б. Жоғары оқу орындарын реформалау жөнінде жаңа кредитті технологияға көшу процессіне 3 жылдың жүзі болды. Бұның мәнісі білім, өнер деңгейін дүние жүзілік нормаға келтіру. Осы орайда оқу бағдарламалары да едәуір өзгермейтіні, аталмыш факультет осы салада біршама үлгілі істер атқарды. Дегенмен өзіміздің ұлттық ерекшеліктерімізге тән, философиялық дүние танымымызға, психологиялық мінез-құлқымызға, ерекше салт-дәстүрімізге сай, ұлттық бет бейнемізді қалыптастыратын, оны паш ететін өнерді қолға ұстамауымыз керек. Мысал ретінде келтірейік, Ресей, Балтық теңізі жағалауындағы елдер, Армения, Әзірбайжан, Түркімен, Тәжік елдері суретшілерінің табиғи, тарихи ерекшеліктеріне сай, өз суреттік, бейнелеу өнерлері қалыптасқан. Олардың туындыларында өзіндік үн мен ұлттық бет-бейне басым, сол себептен де болар олардың творчестволық шығармаларын бір-бірінен шатастырмай танып жататынымызда. Осы тұрғыдан қарағанда көп мәселе бағдарламаға да қатысы бар.

Екінші бір үлкен мәселе көркемсурет факультетінде тұрған, ол өз ана тілімізде жазылған өнер әдебиеттерінің, өнер оқулықтарының болмауы. Орыс тілінде жазылған оқулық қанша дегенмен қазақтың жалпақ тілін, кең ұғымын, дәл баламасын бере алмайды. Осы тұста өз шешімін таппай жүрген өнер өлкесіндегі терминдер. Көп қателіктер, болмаса, бір ауыздан келіспеушілік осы жерден де байқалады. Живопись деген сөздің өзіне бүгінгі таңда бірнеше баламалар теңеліп жүр. Солардың бірі «Кескіндеме», «Сыршырай», «Бейне жазу» немесе «бояқ» т.б. Соңғы кездері бейнелеу өнері төңірегінде әсіресе терминдер туралы «Ана тілі» газетіне бірнеше мақалалар беріп жүрген Суретшілер Одағының хатшысы Қалиолла Ахметжанов живопись деген сөзді «бояқ» деп аударсақ жөн болар еді деген пікір айтылып жүр. Алайда бояқ деген пікір біздің ойымызша бір ғана бояудың

түсін немесе жағылған бір ғана бояу реңін білдіреді. Мысалы, киіміне бояқ жағылып қалыпты, қолым бояуланып кетіпті, т.с.с.

Алайда живописьтің тікелей аудармасы – «тірі жазу», «жанын тауып жазу» деген ұғымдармен шектеледі, дегенмен тікелей аудармасы қазақ тілінде жараса қоймас. «Кескіндеме» деген баламада тура мағынасын беріп тұрған жоқ. Түбірі «кес» яғни қи, бөл, бөлшектеу деген мағынаны білдіреді. Живописіті еш уақытта бөлшектеп немесе қиып жазуға болмайды. Керісінше барынша жұптап, жалпылама үлкен аумақтарды қамти отырып, тұтас жазған абзал. Олай болатын болса «живопись» деген сөзді аудармай ақ өз қалпында енгізген жөн болар еді. Себебі «живопись» бір жағынан орыс тілінен енген, екінші жағынан Қазақ елінде бояу, түспен картина жазу тек Шоқан дәуірінен басталды, одан әрі болмаған. (Текемет, киіз, алаша, кесте, т.б. өнер оюларын қоспағанда). Айталық медицинадағы дәрі-дәрмектерді қазақшалап жатқанмыз жоқ, мысалы, «Асперин» барлық жерде асперин. Дегенмен болашақ өнер өлкесіндегі теминдерді реттейтін, келісті бір жүйеге келтіретін конференция немесе ғылыми-практикалық кездесулер ме әйтеуір нәтижелі бір отырыс өткізу керек. Оған тіл мамандары, суретшілер, ғалымдар, өнер қайраткерлері, мұғалімдер, философтар шақырылуы тиіс. Өнер әлемінде қазақ тілінде аударылатын терминдермен қатар, дүние жүзіне танымал халықаралық терминдер де бар. Мысалы олардың қатарына жататындар: пленэр, этюд, композиция, сюжет, аппликация, ракурс, эскиз, натюрморт, колорит, т.б. Біздің ойымызша өнер тілінің кейбір терминдері халықаралық ұғымда қала берсе одан қазақ тілі кенже қалмайды, қайта сөз қорымыз молайып, өнер тілін өз деңгейінде түсінуімізге көмектеседі.

Енді жалпы Қазақстан бойынша көркемсурет факультеттерінің алатын орны және творчестволық белсенділігі болашақ жастарға жаңа творчестволық қабілеттерді қалыптастыруда олардың орны үлкен. Көркемсурет факультеті негізінен өнер аумағындағы институт болғандықтан, одан творчествоны бөліп қарауға болмайды, екеуі біте қайнасқан тұтас дүние. Олай болса факультет десек творчествоны еске алуымыз керек, творчество десек керісінше. Жоғарыда бұрынғы «Одақта» болған республикалардың өнері, олардың творчестволық бет бейнесіне тоқталғанбыз. Олармен тепе-тең түсетін біздің еліміздің де Қазақстандық суретшілердің де өзінше бет бейнесі бар. Соңғы 60-70 жылдың ішінде немесе көркемсурет факультетінен шыққан 20-30 жыл көлемінде елімізге танымал суретшілеріміз, майталман қылқалам шеберлері аз емес. Олардың қатарында: Нұрлыбаев М., Нақысбеков А., Аманжолов М., Төлепбаев Е., Мырзахметов Б., Бейсенбинов Т., Дашко А., Плотников Ю., Қожағұлов Т., Ордабеков Т., т.б. көптеген суретші-оқытушылар қызмет етуде. Творчестволық еңбектерінде ерекше өздерінің жолдарын тапқан суретшілеріміз қаншама: Мамбеев С., Тоғызбаев Е., Зальцман П., Әлиев Ж., Ордабеков Т., Шарденов С., Айтбаевтардың творчестволары әлем шеңберінен көрінуде. Ендігі жерде біздің ойымызша жоғарыдағы аты аталған, қайталанбас суретшілеріміздің еңбектерін жандандыру жолында көркемсурет факультеті қызмет ету керек.

Творчестволық бағытта осы суретшілеріміздің еңбектерін уағыздап, шығармаларына (творчестволарына) терең талдау жасап, осы жолда студенттер бойына шығармашылық қабілеттерді сіңіру. Бұл тарапта академиялық оқу процесі, оның ішкі-сыртқы байланысы өмір шындығымен ұштасып жатуы керек. Басқаша айтқанда 1 және 2-курстарда өнер танымын, шындық (реальный) жолмен бастап (реализм) бірақ кейбір студенттер творчествосында жеке өздерінің белгілі бір арнауы, жазу ерекшеліктері байқалып жатса, сол ерекшеліктерімен тәрбиелеу, оны одан әрі дамыту. Бейнелеу сабақтарында көбіне әрбір студенттер тобына 2-3 студенттерден ерекше көзге түсетін дарынды, бойларына бейне жазу әдістері орныққан ізбасарлар кездесіп жатады. Неге осындай ізбасарлардың өздеріне тән творчестволарын барынша дамытпаса? Неге дер кезінде солардың ерекшеліктерін түсініп, олардың жанынан табылмаса? Егер де «ерекше» студенттерді өз сәттерінде қолдап жүретін болсақ, онда келешекте Тоғызбаев, Айтбаев, Шарденов, Табиев, Ақанаев, Сыдыханов, Төлепбаев т.б. суретшілер қатары көбейіп, творчествоның жаңа қырынан көрінген болар еді. Әрине, түсінеміз көркемсурет факультетінің негізгі жұмысы суретшілер дайындау емес, мектепке сурет пәнінің мұғалімдерін дайындау емес пе деген сауал туындайды. Жалпы Қазақстан бойынша 1-театралды өнер институты, 2-көркемсурет колледжі, 3-көркемсурет факультеті бар, мүмкін болашақ өнер институттары қосыла жатар. Дегенмен бүгінгі таңда бейнелеу өнеріндегі творчествоны дамытуда, осы жолда методикалық, ғылыми, мәдени әдебиеттер, оқулықтар жазуда көркемсурет факультетінің сан жағынан да, сапа жағынан да алатын орны ерекше. Осы тұста мемлекеттік әдістемелік орталықтың (РУМЦ) атқаратын қызметі өз алдына. Қабылданған оқу әдістемелік құралдар, оқу процесіне керекті басқа да нұсқаулар өз ана тілімізде дер кезінде шығып тұруы керек. Екінші жағынан оқулықтың сапалығын арттыруда, онда әдістемелік бағыттарды ғылыми негізге сүйену мәселесі қамтылар еді. Оқытушылар жалғыз осы орталықпен шектелмей, басқа да мемлекеттік баспаларды пайдаланып, еңбектерін шығарып жатса нұр үстіне нұр болар еді. Қазіргі таңда факультет деканы Әлмұхамбетов Б.А. бастамасымен жалпы оқытушылардың алдына ғылыми жұмыстармен айналысу, оның ішінде ғылыми әдістемелік, ғылыми-теориялық ізденістер арқылы оқу, тәрбие жұмыстарын жандандыруды міндет етуде.

Білім-ғылымға практика-шығармашылыққа айналмай, олар бір-бірімен тығыз байланыста болмай болашақ жан-жақты білімдар маманды дайындау мүмкін емес. Осы салада оқытушыларымыз еселі еңбек етуде. Кез келген көркемсурет факультетінің оқытушысы біздің ойымызша күнделікті қызметін оқу процесімен жалғастыра жүріп, оны екі бағытпен ұштастыра білгені жөн дейміз. Бірінші, қолдан келген оқу әдістемелік жұмыстарын жетілдіру жөнінде ат салысу. Онда өзінің тәжірибелік, теориялық біліміне сүйене отырып, ғылыми-әдістемелік оқу құралдарын жазу немесе өз тәжірибесі жайында мақалалар жазып, басқа оқытушылармен пікір алысу. Екіншіден, әрбір мұғалім міндетті түрде шығармашылықпен айналысуы

керек. Шығармашылық еңбекпен шұғылданбайтын оқытушылардан да, факультеттің де алатын азығы шамалы. Сол себептен оқытушылар шығармашылығы, ғылыми еңбектері факультет, кафедра ісінің алдыңғы қатарында тұруы керек. Бұл процессіз жалпы студенттер шығармашылығын дамыту мүмкін емес. Оқытушылар шығармашылығын аяқсыз қалдыруға болмайды. Екі жылда болып тұратын мемлекеттік байқау конкурстарында арнайы көрме ашылып, ол көрменің нәтижесі апробация ретінде каталогтар шығарылуы тиіс. Немесе қысқаша қорытындысы ретінде иллюстративтік материалдар қосылған брошюралар жарық көрсе, оқытушылар мен студенттердің шығармашылық қабілеттері едәуір көтерілген болар еді.

Қорыта келе жоғарыдағы айтылған бейнелеу өнерін оқыту үрдісіндегі негізгі мәселелер тез арада өз шешімін тауып, белгілі бір бағдарлы жолға қойылса, онда болашақ мамандардың білім деңгей дәрежесі көтерілуі мен қатар, шығармашылық белсенділіктері де арта түседі.

Резюме

В данной статье авторы рассматривают насущные вопросы об искусстве, а именно: о термине, о творчестве, о методике преподавания изобразительного искусства.

Summary

In this article, the authors discuss the pressing issues of art, namely: the term, about creativity, about the methods of teaching art.

ТАЛАНТ ЖӘНЕ ДАРЫНДЫЛЫҚ ТУРАЛЫ

Р.Б. Мизанбаев -

Абай атындағы ҚазҰПУ-дың живопись кафедрасының доценті,

Г.А.Қалдыбаева -

Абай атындағы ҚазҰПУ-дың живопись кафедрасының аға оқытушысы

Көркемсурет факультетіне келген абитуриенттердің бейнелеу өнері саласынан сауаттылығы әр қилы болып келеді, бірі арнайы өнер студиясынан білім алған болып келсе, яғни кеңістіктегі дененің перспективті қысқаруы, конструктивті құрылымды заңдылықтары, дене формасын түсіну т. б., ал енді біреулері алғашқы дайындықтан өтпеген, демек қарапайым заңдылықтарды меңгермеген. Алайда білім деңгейінің қаншалықты екендігін, немесе салу, жазу қабілеттілігіндегі ептілік көрсеткіштерінен де абитуриенттердің толық бейнелеу өнеріндегі оның қабілетін байқау қиын.

Тарихтан белгілі суретшіліктен үміткер жас Суриков Өнер Академиясына емтихан тапсыруға келгенде сол кездегі емтихан алушы, оның үден салып келген суреттерін көріп, оған: «Мынандай суретпен сен Өнер

Академиясының маңына да жолауға болмайды» - деп, қатты ренжіткен көрінеді. Оған қарамастан Суриков қысқа уақыттың ішінде (үш ай) нұсқа арқылыперспективалық сурет салу және реңдік қатынастар арқылы дене формаларын табу қабілетін жетік меңгеріп, Өнер Академиясына қабылданған. Осы тарихи жағдайдан кейін өзінен өзі төменгі сұрақ туындайды: -Бала тумасынан қабілетті болып келе ме, әлде оқу-үйрену арқылы қалыптаса ма?. Психология ғылымы сұрақтың алғашқы бөлігін жоққа шығармайды. Айталық, тұқым қуалау мәселесіне келгенде кейбіреулер арнайы бір мамандықтан ерекше биік дәреже көрсетіп жататындарын дәлелдеген. Сонымен қабілеттілік қандайда бір адамның айналысып жатқан іс-қимылынан байқалады. Алғаш келген абитуриенттен живописік немесе бейнелеу өнерінің басқа да салаларынан оның қабілеттігін байқау қиын. Тек қана сурет немесе живопись өнеріне оқыта бастағанда ғана көркем өнерлік қабілетін анықтауға мүмкіншілік туады. Әзірге тиянақты педагогикалық оқыту жұмысы жүйелі түрде жүрмей ол абитуриент белгілі бір оқу студиясынан өтпей оның потенциалды қабілетін анықтау қиынға соқтырады. Белгілі бір іс-қимылы арқылы оның сол жұмысқа деген қабілеттігі қалыптасады және дамиды. Мысалы, мектепқабырғасында нашар оқыған оқушы, өсе келе сол пәндердің мықты әрі атақты ғалымына айналғандарын тарих жасырмайды.

Ньютон мектеп математикасымен физика пәндерінен төмен бағаға оқыса, ұлы орыс жазушысы Н.В.Гогольді бастауыш мектеп оқытушылары орыс тілін меңгере алу қабілеті төмен деп мәлімдеген. Алайда бұл жерде біз ұстаздарды қандайда бір кінәлаудан аулақпыз. Дегенменде бес саусақ бірдей болмайды дегендей, оқушылардың алғырлығы әр түрлі болып келеді. Арнайы пәнге қызығушылық бір балада жас кезінен байқалса, енді бірінде өсе келе қалыптасады. Оған мысал бейнелеу өнерінен өмірде болған, өз көзіммен көрген жағдайлармен түсіндірейін. 1970 жылы Абай атындағы Қазақ Педагогикалық институтының көркем-сурет және графика факультетіне абитуриент болғаным есімде, сурет пәнінен қабылдау емтиханын тапсыру үстіндеміз, алдымда аласа бойлы, сол жылы орта мектепі бітіріп келген Ерболат Төлепбай ұлы отырды. Ерболат қабырға бүйіріне орналасқан гипстен құйылған «Венера» маскасын салу барысында, қабырғаға тіптен жақын болғаны соншалық Венера маскасын астынан салуға бейімделген. Оған бірнеше рет емтихан қабылдаушы: (консультант) «Венера маскасының астынан жақын келіп, бейнелеуге болмайды»-деп ескертті. Сол кездері Ерболат нұсқаны тиімді жерден бейнелеу мәселесін естен шығарса керек. Ал кейін келе, өмір уақытының өтуіне байланысты, сонымен қатар өнерге деген үлкен құштарлықтың арқасында дүние әлеміне белгілі ұлы суретшілер қатарына қосылғандығын, бүгінгі өмір дәлелдеп отыр.

Сонымен қатар дарындылық пен талантты жетектейтін адам бойындағы қайтпайтын қайсарлық, намысшылдық, немесе « -Мен одан не кем болам » деген қажырлық қайратында ықпалы өте зор. Бір мысал өмірден келтірейін: ол жылдары біз студентпіз, дамыл таппай аудиторияларды кезіп

жүрген шағымыз. Сурет болатын аудиториялардың есігін ашып қалсам, екі оқытушым бір-біріне талант туралы, дауыстары өктем, әңгімелеріне куәгер болдым. Алғашқысы екіншісіне айтады: «Қолыңдағы мольбертпен менің басыма бар күшінмен соқ, егерде менің басым мольбертті (фонерлі ағаш) жарып шықпаса, онда менде талант жоқ! Соқ деймін!» -деген әңгімелерінің үстінен түстім. Ол жылдары Кеңес дәуірі болатын. Осы әңгімеден кейін арада 3-4 жыл өткенде «алғашқысы»- деп отырған ұстазым, Ленин атындағы Қазақстан комсомол лауреаты атанды. Сондай-ақ бірнеше сол жылдары жазған шығармалардың еңбектері Қазақстан Республикасының қазіргі Ә.Қастеев атындағы мұражайына мәңгілікке алынды Бұл жерде суретшінің намысшыл, алға қойған мақсатқа қандайда бір жағдай болмасын, бойындағы қажырлыққа сене отырып талмай еңбек ететінін көрсетсе керек.

Адамзат өмірінің даму тарихына қарасақ іріктелу процессі мен қоса, ұрпақ қуу мәселесі, яғни жас нәресте ата-бабасының жолын қуған биологиялық қатынас әсер етуі мүмкін - деген тұжырымдады кездестіреміз. Бұл жөнінде танымал ғалым -психолог былай деп жазады:

«Развития человека определяется общественно-историческими знаниями. И поэтому развития способностей не может быть подчинено законом биологической наследственности».

Кеңес одағының батыры Бауржан Момышұлының және маршал К.Жуковтардың өмірлері, жүріп өткен жолдары осыған дәлел бола алады. Екінші дүние жүзілік соғыс-тарихы дәлел, олай болатын болса, азамат адамзат тарихы мәселесін шешуде, сол өмірдегі болған оқиға, өзінің дарынды, талантты ұлдарын туғызады және тәрбиелейді. Бейнелеу өнері оның ішінде өнертану әдебиеттерінде «шығармашылдың», «кәсіби шебершілдік» ұғымдары жөнінде қарама-қайшылықтар көптеп кездеседі. Біреулері бейнелеу өнерінің заңдылықтарын бұзып, оның кономдары сақталмаған бейнелерді: «мынау керемет», «ғажап» -деп таң қалып, бас киімдерін аспанға атып жатса, оларға қарсы яғни табиғатқа жақын живописті, перспективалық формасы тиянақты табылған бейнелерді қоштайды. Біздің ойымызша бей берекет сызылған, болмаса формасы жоқ бір түсті бояу түсімен жазылған «шимак» бейнелерді өнер туындысы деп айту қиын. Негізінен осындай «өнер туындысымен» айналысатындар шындығын айтуымыз керек, реалистік шын бейнеден алшақ, қолдарынан келмеген соң, амалдың жоғынан «біздікі де» өнер деп жүргендер.

Екіншіден, арнайы «Батыс Еуропа елдерінің» өнер танушы, суретшілердің ұстанымды саяси бағыты. Сондықтан да атақты «Сорос» компаниясы дүние жүзіне осындай «тұрпайы өнерді» қоштауда алдарына жан салмай келеді.

Демек сапалы түрде шынайы табиғи өнерге жариялаған протест, біздің бейнелеу өнерімізге, ғылымымызға қарсы бағытталған, саяси тұрғыдағы ойын. Бұл жерде дарын былай тұрсын қарапайым таланттың исі де шықпайды.

Талант пен дарындылық баланың туғанынан бірге келетін қабілет пе, жоқ әлде өмірдің жылжу уақытымен қалыптаса ма?-деген сұраққа орыс психолог-ғалымы былай деп жазады: «Развитие человека определяется общественно-историческими знаниями. И поэтому развитие способностей не может быть подчинено законом биологической наследственности».

Демек ерекше талант және дарындылық, өзіне дейінгі болған тарихи даму мәселесін меңгергеннен кейін оның одан әрі дамуына өз өзінің қабілеттілігін қоса отырып, тарихи процессті жалғастыру. Осы төңіректе ұлы Абайдың сарқылмас еңбектері дәлел бола алады. Дүниеге келген әр-бір сәбидің өң бойында жүз пайызға қандайда бір мамандық болмасын қабілеттік толығымен жаратылысынан беріліп келеді. Алайда бала өсе келе көптеген қабілеттілігін өз сұранысына ие бола алмай өшіп, керісінше қолдау (мадақтау) көрсетілген қабілеттер дамып қалыптасады. Қалыптасқан қабілеттер ғана талантпен дарындылыққа жол ашады.

Бейнелеу өнерінде тек қана оқу-әдістемелік тәсілдердің үздігі ғана студент дүниесінде жатқан дарындылық пен таланттың көзін аша алады. (живописік, музыкалық, артистік т.б.).

Живопись өнеріндегі оқу-әдістемелік тәсілдердің ішінде «көз арқылы қабылдау ептілігі», «түстік қатынастар арқылы бейнелеу», «тұтас қатынастар арқылы бейнелеу» т.б. терминдерді оқытушыларымыз әр қилы түсіндіріп жүр. Сондықтан суретші –педагогтар тікелей өз суретшілік тәжірибесіне сүйене, немесе талғамдарының негізінде сабақ жүргізіп келеді. Осындай көркемдік- педагогикалық оқу процессіндегі жағдай, жас живописітерді дарындылыққа, таланттылыққа тәрбиелеу ұзақ мерзімге алып бара алмайды. Керісінше оқу процессін игеруде кері қарай әсер етуі мүмкін. Сондықтан талант пен дарындылықты өмірде дамудың басты жолы, ол осы өнерге деген баланың құштарлығын арттыру, қажымай еңбек ете білуге тәрбиелеу болып табылады. Тарихтан белгілі талантты әрі дарынды адамдар: Леонардо да Винчи, Рафаэл, В.Шекспир, Абай Құнанбаев, Л.Толстой, А.Энштейн, М.Ауезов т.б. басқалар өмірлерінде қажымай –талмай өз салаларында еңбек еткен жандар. Кәсіби білім, кәсіби қабілет, кәсіби ептіліктің артында(живопись, сурет, композиция) күнделікті тәжірибелік істер жатыр. Яғни жүздеген нобай, этюд, қысқа мерзімді эскиздер т.б. еңбектерден тұрады. Жазба ғылыми еңбек, естеліктерден белгілі Өнер Академиясында бір студент ұстазына кезекті этюдін көрсетіп, живописіті меңгере алмайтыны туралы арызданса, оған ұстазы 101 этюд жазуын талап етеді де студентке: «100 этюдтің мүмкін ойдағыдай шықпауы ықтимал, ал 101 –ші этюдтің жоғары деңгейде болатынына сенемін» -дейді. Ұлы ұстаздың берген нақыл сөзінің артында қажымай-талмай еңбек ету керектігі күн тәртібінде тұрғаны сөзсіз.

Демек суретшілік дегеніміз- дамыған шығармашылдық қиял, жоғары деңгейдегі қалыптасқан сезімталдылықты, байқағыштықты, еңбексүйгіштікті қалыптастыру. Бұларсыз жас суретші еш бірде тартымды ой арқылы қызықты композиция құрастыру, оны өз деңгейінде жазып шығу мүмкін емес.

Пайдаланган әдебиет:

1. Петровский А.В. *Беседы о психологии.* - М., 1976. - С.19.

Резюме

В данной статье авторами рассматривается творчество талантливых и одаренных студентов ХГФ. Исследуются пути дальнейшего развития и методические вопросы, а также приводятся исторические примеры художников-современников.

Summary

This article deals with the talents of the gifted students of the faculty of art. Ways of development and methodological methods are researched here. The historical examples of modern artists are also given here.

ПСИХОЛОГИЧЕСКИЙ АСПЕКТ ФОРМИРОВАНИЯ ХОРОУПРАВЛЕНЧЕСКИХ НАВЫКОВ В ПРОЦЕССЕ РАБОТЫ НАД ИСПОЛНЕНИЕМ ХОРОВОГО ПРОИЗВЕДЕНИЯ В ПРОФЕССИОНАЛЬНО-ПЕДАГОГИЧЕСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ БУДУЩИХ СПЕЦИАЛИСТОВ

Л.А.Байжунусова -

преподаватель КазНПУ имени Абая

Известно, что каждая деятельность сопровождается теми или иными психическими состояниями человека, каждое из которых представляет собой целостное проявление личности. Рассматривая вопросы психологической подготовки, учёные выделяют состояние психической готовности к осуществлению и выполнению деятельности, установкой к определённому поведению, путей реализации потенциальных сил и возможностей в определённых условиях действия. Таким образом, психическую готовность к деятельности исследователи представляют как процесс целенаправленной организации сознания и действий личности в зависимости от конкретных целей, предполагаемых условий. Надо отметить, что весьма ценные высказывания по поводу психологической подготовки к музыкальной деятельности были получены при анализе и апробации музыкально-психологической, музыковедческой и искусствоведческой литературы.

Здесь уместно упомянуть огромное влияние на искусство в целом, и в частности на музыкальное, некоторых положений системы К.С.Станиславского, идеи которого представляют ценный материал во многих исследованиях в плане психологической подготовки артиста-музыканта [1]. В них рассматривается автором интересная и сложная проблема формирования творческого состояния исполнителя, которая

заключается в выработке психической техники: раскрывается сущность внутренней работы актёра над собой, отводится огромная роль воображению, вниманию, сосредоточённости. Опираясь на идеи К.С.Станиславского, многие педагоги-исследователи раскрывали вопросы становления личности музыканта-исполнителя, поднимали проблему психологической подготовки музыканта к выступлению, освещали проблему общения в музыкально-исполнительской деятельности, создания творческой атмосферы и другое. Так, В.Г.Ражников [2], давая сведения о деятельности дирижёра, анализируя работу хормейстера над произведением, рассматривает несколько этапов работы дирижёра, специфику его общения с участниками, анализирует показатели эмоциональности, творческого вдохновения, мотивации исполнительского творчества. Большую роль он придаёт активному опережению, предвосхищению дирижёром будущего звучания, прогнозированию результата исполнения к техническим сложностям звучания произведения.

Профессионально-педагогическая деятельность будущего учителя музыки (хормейстера) состоит из художественно-педагогической, музыкально-исполнительской, художественно-коммуникативной, организаторской и исследовательской видов, является специфической и отражает характер и направленность его деятельности. Принимая во внимание то, что смысл и специфика художественно-педагогического общения на занятиях по дирижированию заключается в постижении художественного «Я» музыкального произведения, в установлении с ним личного контакта, диалога, его организация зависит от личностных и профессиональных качеств учителя музыки. Сегодня в педагогике музыкального образования не вызывает сомнения тот факт, что будущий специалист должен обладать рядом таких качеств, как артистизм, компетентность, личностная профессиональная позиция. Учитывая специфику профессиональной деятельности учителя музыки, Л.С.Майковская в структуре артистизма педагога-музыканта как ведущей способности его художественно-коммуникативной деятельности выделяет взаимосвязанные между собой компоненты: 1) психофизический; 2) эмоционально-эстетический и 3) художественно-логический, в каждом из которых, считает учёный, проявляется педагогическая направленность [3, 5]. Так, в основу психофизического компонента автор включает различные психические процессы, с одной стороны (воображение, внимание, аффективная память, волевые проявления и т.д.), и, с другой стороны, – физические данные: голос, дикция, мимика, пантомимика, которые в совокупности «обслуживают» художественно-коммуникативные действия педагога-музыканта, а умение ими управлять, считает она, является для него профессиональной потребностью. Важную роль в проявлении педагогом-музыкантом артистизма, указывает автор, выполняет воображение, которое нужно рассматривать в качестве важного атрибута художественно-педагогического творчества. В хорошоуправленческом аспекте воображение играет

немаловажную функцию: помогает представить модель музыкально-художественного взаимодействия с хоровой музыкой и исполнителями, устанавливает эмоционально-эстетическую атмосферу общения в хоре в процессе репетиций и академических и концертных прослушиваний; помогает в реальной исполнительской деятельности осуществлять интуитивный поиск музыкально-художественных средств хоровой партитуры в передаче музыкального образа сочинения, его художественно-эстетических задач. Таким образом, в условиях хорового пения, дирижирования хоровыми произведениями воображение отличается сплавом «художественного» и «логического» и обладает такими эстетическими признаками, как эмоциональность и образность. Реализация воображения в художественно-коммуникативной деятельности педагога-музыканта в классе по хоровому дирижированию во многом зависит от степени развития у последнего эмпатии – способности к сопереживанию, адекватному пониманию музыки текста, содержательности музыкального образа сочинения. Такая способность определяется как социально-психологический феномен в структуре личности, и в художественно-педагогическом общении является показателем высокой творческой активности, - утверждает учёный [3]; в структуре художественного сознания является центральным инвариантом, а в музыкально-художественном – индикатором музыкальности.

Многие исследователи указывают на не менее важное значение в деятельности учителя – способности педагога-музыканта к рефлексии, то есть «самонаблюдению» за своими действиями. При этом особую ценность для осознания поставленных задач на занятиях приобретает нацеленность на личностные качества будущих специалистов: интеллектуальность, инициативность, нравственность, организованность, исполнительность, дисциплинированность, стремление к профессионализму, эрудированность, музыкально-педагогическая интуиция. Как подчёркивает профессор Р.Р.Джердималиева «Осмысленный подход к приобретению «копилки» знаний невозможен вне действенного характера самого процесса познания», в данном случае речь идёт об осознании и осмыслении своей педагогической деятельности, подчёркивает Р.Р.Джердималиева [Цит.по: 4, 39]. Касаясь специфики вокально-хоровой работы, многие дирижеры-хормейстеры считают, что для образованного педагога-музыканта не достаточно владение специальными знаниями, он должен иметь развитый музыкальный слух, владеть искусством управления хором. «Хор всегда должен чувствовать в жестах дирижёра его художественные намерения и организующую силу», - отметил в своей книге К.А.Ольхов [5, 190]. Он точно подметил, что по мере усвоения хористами произведения жесты и мимика дирижёра должны стимулировать эмоциональную сторону исполнения; дирижёр, в свою очередь, в одно и то же время должен вызывать у хористов эмоциональный отклик и контролировать качество хорового звучания. Стоит также указать о таком качестве, как воля, и какое огромное значение имеет точное знание

партитуры, осознанность всех исполнительских намерений и умение их претворять. Умение дирижёра мыслить музыкальными фразами, построениями и проявлять это в жестах отвечает внутренней потребности хористов мыслить перспективно, и тем самым процесс исполнения становится более естественным и выразительным. В этом заключается компетентность хормейстера, как организатора и руководителя. Профессиональная компетенция учителя музыки-хормейстера должна быть связана с умением творчески познавать достижения национальной и мировой культуры и искусства, обладать творческой интуицией, быстротой реакции, талантом исследователя, владеть артистическими, художественными, музыкальными проявлениями в методической подготовке, - считает Г.А.Колесникова [4]. Это, в свою очередь, оказывает влияние на вузовскую подготовку будущих специалистов, которые должны быть профессионально компетентны в избранной специальности.

Анализ работы хорового класса, целенаправленные условия, создаваемые в классе по дирижированию, позволили определить ряд препятствий, мешающих реализации хормейстерских навыков. Нами выделяются несколько таких видов: 1) психологическая неподготовка студента к хормейстерской деятельности, к непосредственной вокально-хоровой работе; 2) ошибка в оценке собственных действий (недооценка своих возможностей или их переоценка); 3) действия присутствующих на хоровом занятии (замечания руководителя хора, других преподавателей); 4) непредвиденные обстоятельства (непривычные условия в работе с хором – акустика, расположение инструмента, неудачное начало занятия и т.п.). Такая подготовка предусматривает:

- знание хорового коллектива, его особенностей, специфики каждой партии, некоторых певцов;
- знание критериев и принципов отбора вокально-хоровых произведений и систематизации вокально-хоровой музыки;
- владение приёмами свободного оперирования вокально-хоровым репертуаром;
- оценку студентом своих возможностей в работе с хором, с которым ему предстоит выполнять вокально-хоровую работу;
- определение цели и задач предстоящего занятия, а также пути и возможности устранения недостатков, неточностей, погрешностей;
- моделирование педагогических условий вокально-хоровой работы;
- выработку тактичного отношения и педагогического такта к коллективу с учётом требовательности и доброжелательности.

Таким образом, всесторонняя психологическая подготовка студента-музыканта является одним из главных факторов, способствующих формированию навыков управления хоровым коллективом, обеспечивающих мобильность, успешность и плодотворность занятий с хором, а следовательно, и совершенствование профессионально-педагогической деятельности будущих специалистов-музыкантов.

Использованная литература:

1. Станиславский К.С. Работа актёра над собой // Собр. соч. - М., 1954. - Т.2.
2. Ражников В.Г. Формирование и воспроизведение дирижёрского замысла // Вопросы психологии. – 1973. - № 2. - С. 52-56.
3. Майковская Л.С. Артистизм учителя музыки: Учебное пособие. – М.: МГУКИ, 2005. - 68с.
4. Колесникова Г.А. Профессиональная компетенция учителя в освоении вокально-хоровой музыки. – Алматы: Гылым, 2003. - 86с.
5. Ольхов К.А. Вопросы теории дирижёрской техники и обучения хоровых дирижёров. - Л.: Музыка, 1979. - 200с.

Түйін

Бұл мақалада хор музыканын айтыу болашақ мамандарды дайындау кезінде кәсіби деңгейін көрсету болатының жөнінде мәселе көтеріледі. Эмпатия, рефлексия, ырғақ еркіндегінің әдістемелері мұғалім үшін оның жұмысында байланыстыру қасиеттері болып табылады.

Summary

In this article raises singing choral music as an indicator of music professional teacher level. The method of empathy, the refleksihiy, the will training in connection with music as an art of communication is suggested.

БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІН ДӘСТҮРЛІ ЕМЕС САБАҚ ТҮРІНДЕ ӨТКІЗУ ТӘСІЛДЕРІ

С.К.Келденова -

Абай атындағы ҚазҰПУ, живопись кафедрасының оқытушысы

Сапалы білім беру мақсатында тиімді әдіс-тәсілдерді пайдалану- ұстаз алдына қойылып отырған талап. Барлық адам өмірге шынайы көзқараспен қарай отырып, сол өмірдің әсемдігінен, көркем келбетінен рахат табады. Әлі санасы қалыптаспаған жас баланың өзін айналадағы әсемдік атаулы: бояулардың әдемі үйлесімі, күн сәулесінің, табиғаттың құбылыстары, тірі жанның көркем мүсіндері мен пішіндері өзіне тәнті етіп отырады. Әсемдікке, сұлулыққа іңкәрлік- адам баласына табиғат әу бастан- ақ еншілеп берген рухани сыбағасы. Өмір есігін жаңадан ашқан сәбиді сұлулық әлемі өзіне еріксіз тарта отырып, тәрбиелей бастайды.

Жақсылықтың бір нышанын жас адам осы сұлулық құбылысынан табады. Ол қандай данышпан болса да, әдепкі кездерде әсемдіктің қырсырына, тылсым құдіретіне тереңдеп жете алмайды. Адамның эстетикалық

көзқарасының қалыптасуы, сол жолда іштей дұрыс бағытпен тәрбиеленуі қашанда күрделі құбылыс.

Алғашқы бейнелеу өнері сабағында кездесетін қиындықтар- балалар қарындашты қалай ұстауды, қылқаламмен қалай жұмыс істеуді, бояуларды қосу арқылы түстерді табуды, нәрсені қағаз бетіне орналастыруды білмейді. Олардың тәжірибесі жоқ. Реніш, өзіне- өзі сенбеуі мен адамның бейнесін сала алмаймын, мүсіндеу қолымнан келмейді деген қиындықтар туындайды.

Міне, осы сияқты кедергілерден қалай шығу қажет? Қалай барлық баланың бейнелеу өнеріне деген қызығушылығын арттырып, сабаққа тарту керек?

Балалардың бәрі ойынды, ертегіні жақсы көреді. Сондықтан ойын, ертегі, дәстүрлі емес сабақ түрлерін енгізе отырып, жоғарыда айтылған қиындықтардың басым көпшілігін артта қалдыруға, баланың қалыптасуына, барлық баланың жұмыс істеуіне септігін тигізеді. Барлық бала өзінше суретші, балаға өзі ойлауына, өзінің қалауынша салуына, еркіндік сезіміне жол беру қажет. Елестету, ойлау қабілетін арттыру үшін сабаққа мынадай тақырыптардың түрлерін енгізу көп септігін тигізеді. Дақтар (клякса) образдарды табу. Бұл сабақ ертегі, оқушының шығармаларындағы кейіпкерлерді бейнелегенде көп көмек береді. Суретші ертегі кейіпкерлерін елестете отырып бейнелегенде, кейде ол өзіне қажетті бейнені таба алмай, көптеген нобайлар жасаса да өз ойынан шықпай жатады.

Бір сәт аспанға қарап бұлттардан өзіне қажетті бейнені көру мүмкін. Кездейсоқ ағаш, тас көлеңкелерін ертегідегі түйеге, ұзын сақалды шалға немесе сиқыршыға ұқсататын кездері болады.

Қағаз бетіне қара тушь бояуын тамызып, одан шыққан дақтардан образдар табу. Қара туштың, яғни пайда болған дақтың (клякса) үстінен гуаш бояуымен елестете отырып көзін, мұрнын, денесін, т.б. бояймыз. Осылайша көптеген образдар жасалынады. Олардың ішінен оқушылар ертегілеріне кейіпкерлер тауып жатады.

Түсті сезіну, қабылдау, түстерді көре білу қабілетін арттыру үшін жылы және суық түстерге байлансты музыкалық фрагменттер ойнатамыз. Осылайша бояумен көрсетілген карточкалар арқылы жыл мезгілдерін, табиғат құбылыстарын көрсетуге болады.

Карточка түрлері көңіл- күйге байланысты: көңілді, көңілсіз, ашулы.

Жыл мезгілдеріне байланысты: көктем, жаз, күз, қыс.

Табиғат құбылыстарына байланысты: ашық, тұманды, жаңбырлы, бұлтты.

Уақытқа байланысты: таң, тапа- тал түс, кеш, түн.

Суық және жылы, қанық және қанық емес түстер.

Адамды бейнелегенде дәлме- дәл ұқсастық емес, көңіл- күйін, мінез- құлқын, ішкі жан дүниесінің тазалығын көрсету.

Қыз балалар адам бейнесін салғанда, көбіне қуыршаққа тән келбеттегі қыз баланы салғанды ұнатады, сол бейнені қайталап сала береді. Оларды мұндай кедергіден қалай алып шығу керек. Кәріден де, жастан да әдемілікті

көре білу керек. Бұл тақырыпта бастың, көздің, құлақтың, қастың, еріннің, мұрынның бірнеше формада көрсетілген кестені қолданған жөн. Осы сияқты көмекші құралдар баланың бірден сабаққа бірден кірісіп ктуіне септігін тигізеді. Қарапайым үй, құс, аң, гүл, т.б. салынған суреттерді тақтаға ілеміз. Оқушы осы суреттердің біреуін таңдап алып оны ғажайып үйге, ғажайып құсқа, т.б. айналдырады. Осы суретті жалпылау (стилизация) тәсіліне де пайдалануға болады. Әңгімелей, баяндай отырып сурет салғызу баланың өз бетінше елестете отырып бейнелеуіне, болашақта композиция құрауына көмек береді.

Сондай-ақ табиғат аясына шығып сурет салу оқушының бейімін арттырады. Табиғатта сурет салу эстетикалық-экологиялық сананы зерттейді және рухани-эстетикалық құндылық ретінде адамның табиғатқа қатынасын қалыптастырады.

Эстетикалық сананың аса маңызды элементі эстетикалық қабылдау болып табылады. Қабылдау – өнермен және шынайы өмір сұлулығымен қатынас жасаудың бастапқы кезеңі. Табиғат аясында мұғалімге өмір мен өнер құбылыстарының эстетикалық қасиеттеріне баланың назарын аудару қиындық келтірмейді. Сөйтіп, балада біртіндеп оның артық көрушілігін, ұнатушылығын сипаттайтын түсініктер кешені дамиды. Осылайша бүкіл көркем-эстетикалық тәрбие беру жүйесі баланың көркем-эстетикалық тұрғыдан да, рухани, ізгілікті және интеллектуалдық тұрғыдан да жалпы дамуына бағытталған. Бұған келесі міндеттерді шешу арқылы қол жеткізуге болады: баланың көркем-эстетикалық мәдениет білімдерін меңгеруі, адамның көркем-эстетикалық шығармашылық қабілетін дамыту және эстетикалық қабылдау, сезіну, бағалау, талғам арқылы және көркем-эстетикалық тәрбие берудің басқа да психикалық санаттары арқылы көрінетін эстетикалық психологиялық қасиеттерін дамыту.

Тұлғаның эстетикалық дамуы балғын балалық шақта басталады. Ересек адам рухани бай болуы үшін, мектеп жасындағы балалардың эстетикалық тәрбиесіне ерекше көңіл бөлу керек.

Қолдың, көздің, есту қабілетінің «ізденіс қимылдары» қаншалықты белсенді болса, заттар дүниесін, оның бояуларын, формаларын, дыбыстарын қабылдау соншалықты толығырақ, қарқындырақ болады. Жалпы алғанда, даму бояулар мен формалардың қарапайым түстерін қабылдаудан түстер гаммасының нюанстарына, формалардың алуан түрлілігіне қарай дамиды. Сенсорлық тәрбие беру – көркем-эстетикалық тәрбие берудің ажырамас бөлігі. Мектеп қабырғасында өткен жылдарда сенсорлық тәрбие беру процесі көркем-эстетикалық құбылыстарды ұғынудың сенсорлық-сезімдік тәсілдерін меңгеруден, эстетикалық және көркем объектілермен қатынас жасаудың тұлғалық түрткілерін дамытудан, эмоциялық психологиялық ұстанымдардың, бағалаушы-талғамдық түсініктердің белсенді қалыптасуынан көрініс табады.

Көркем-шығармашылық қызмет процесінде ес (жады), әсіресе, көріп есте сақтау жетіледі. Мысалы, суретте балалар өздерінің көріп есінде

қалғанды бейнелейді. Эстетикалық және көркем қызмет процесінде ойлау әрекеттері: топтау, талдау, салыстыру жетіледі, ақыл-ой, өз қызметін жоспарлай білу қабілеттері дамиды. Бұл ақыл-ойдың дамуына ықпал етеді, ал ол, өз кезегінде, баланың толыққанды көркем-эстетикалық қабылдауын қамтамасыз етеді.

Көркем тәрбие эстетикалық тәрбиенің бір бөлігі болатыны сияқты, өнер – эстетикалық мәдениеттің бір бөлігі, маңызды, қомақты, бірақ адам қызметінің тек бір ғана саласын қамтитын бөлігі. Ең бастысы – тұлғаға қандай да бір қызметте жетістікке қол жеткізуге ғана емес, сонымен қатар эстетикалық құндылықтарды тудырушы болуға, олардан және қоршаған шынайы өмір сұлулығынан ләззат алуға мүмкіндік беретіндей қасиеттерді, қабілеттерді тәрбиелеу, дамыту. Балалардың шынайы өмірге және өнерге эстетикалық қатынасын қалыптастырумен бірге, эстетикалық тәрбие беру оларды жан-жақты дамытуға да үлес қосады. Эстетикалық тәрбие беру адамның ізгіліктілігін қалыптастыруға ықпал етеді, оның дүние, қоғам және табиғат туралы танымын кеңейтеді. Балалардың алуан түрлі шығармашылық істері олардың ойлауы мен қиялын, ерік-жігерін, табандылығын, жинақылығын және тәртіптілігін дамытуға ықпал етеді.

Табиғатқа шығып сурет салу мүмкіндігін арттыру барысында: белсенділігінің артуы, табиғатта деген сүйіспеншілігі, денінің саулығы, сұлулықтан ләззат алуы, поэзияға құштарлығының артуы.

Олай болмаса, мүмкін, мектеп жасында өнерді үйрену – алтын уақытты босқа өткізу болар? Өйткені қазіргі баланың меңгеріп, түсініп, үйреніп үлгеруге тиіс нәрселері көп қой. Оқушылар үшін қажетті білімдер мен іскерліктер көлемі ұлғаюда. Бүгінде ата-аналардың аузынан жалпы білім беретін мектеп бағдарламасында жетінші сыныпқа дейін оқу уақыты музыка мен сурет сияқты «пайдасыз» пәндерге бекерге пайдаланылады деген өкінішті естуге болады. Сонда көркем білім беру туралы не айтуға болады? Басқа тағы бір көзқарас бар, оның мәні білім беру процесінде көркем-эстетикалық бағыт пәндері болуы керек, бірақ олардың жағдайы маңыздылық дәрежесі бойынша базалық пәндермен бәсекелесе алмайды, өйткені бар болғаны жалпы дамыту міндеттерін орындайды дегенге келіп саяды. Біздің ойымызша, әлеуметтендіру жүйесінде көркем-эстетикалық тәрбие берудің жағдайы қоғамдағы өнердің мәртебесіне тұтастай және толығымен байланысты болады. Көркем-эстетикалық тәрбие беруді тиісті деңгейге көтеру үшін ең алдымен өнердің өзіне қоғамдық мәнін қайтару қажет. Балаларды әлеуметтендіру процесінде өнердің мәнділігі сөзсіз екенін және оны ештеңемен алмастыруға болмайтынын дәлелдеу керек.

Енді болашаққа үңілейікші! Біз тірбиелеген оқушылардың бірі-архитектор, бірі- дизайнер, бірі- мүсінші, бірі- модельер, бірі- өз емханасының қабырғасы қою көк түске боялғанын қаламайтын дәрігер, бірі-қоқыс, үйіндіні жаны сүймейтін зауыт директоры болып жатса, міне, осы біздің жетістігіміз. Біз тәрбиелеген бала енді әдемілік пен әсемдікті бойына дарытқан, эстетикалық көзқарасы қалыптасқан азамат.

1. Иванов СВ. Типы структуры урока (Вопросы советской дидактики. – М.: Изд-во АПН РСФСР, 1952.
2. Ибраева К.Т. Казахский орнамент. - Алматы: Онер, 1991.
3. Ералин К. Изобразительное искусство Казахстана в системе художественно-профессиональной подготовки учителей изобразительного искусства и художественного труда в педагогических институтах: Автореф. докт. ...дис. - М., 1992.
4. Балкенов Ж. Методическое руководство по изобразительной деятельности: Метод, руководство учителей начальных классов. - Алма-Ата: Мин. просвещения КазССР, 1982.

Резюме

В данной статье рассматриваются нетрадиционные методы обучения, которые способствуют развитию творческих способностей у школьников.

Summary

This article looks at non-traditional teaching methods that promote creativity among schoolchildren.

БОЛАШАҚ БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ КӘСІБИ-ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ БЕЛСЕНДІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ПЛЕНЭР ПРАКТИКАСЫНЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШАРТТАРЫ

З.Ж.Рабилова -

живопись кафедрасының аға оқытушысы

Пленэр практикасы – болашақ бейнелеу өнері мұғалімін кәсіби дайындаудың біртұтас жүйесінің қажетті бір тармағы. Ол көркемсуреттік-педагогикалық білім берудегі болашақ бейнелеу өнері мұғалімдерінің кәсіби-шығармашылық белсенділігін қалыптастыруда қоғам мен уақыт алға қойған міндеттер жиынтығын шешуге мүмкіндік беретін шарттардың бірі болып табылады. Ал студенттердің пленэрлік практикасы дегеніміз кәсіби педагогикалық білім берудің жалпы міндеттері мен оның ғылыми әдістемелік мүдделеріне жауап беретін болашақ мұғалімдердің оқу процесінің аудиториядан тыс ашық ауадағы жалғасы және студенттердің өзара ынтымақтастығы, шығармашылық жұмыстарын жетілдірудегі жаңа білімдерді игеруге деген жеке тұлғаның қажеттілігіне, кәсіби дайындықтың деңгейіне қойған қоғамның талабы.

Пленэр практикасы аясындағы ең өзекті мәселе болып нағыз шығармашылық оқыту үрдісін құра білу табылады, өйткені нақ осы үрдісте шығармашыл студент тұлғасы өзін көрсетеді және кеңінен дамытады.

Сондықтан қазіргі таңда пленэр практикасының өту барысында болашақ бейнелеу өнері мұғалімдерінің кәсіби-шығармашылық белсенділіктерін қалыптастырудың педагогикалық шарттарын көрсету міндеті тұр.

Қазіргі таңдағы білім берудің бағыты болашақ мұғалімді тұлғалық-кәсіби дамытуға бағыттылуы студенттердің өзін белсенді түрде тануға, өзін дамытуға, өзі таңдап алған педагогикалық әрекет аясындағы жеке жетістіктеріне көзқарастарының өзгертуге бағытталған шарттарды тудыру мәселесін алға қойып отыр.

Кез келген педагогикалық үдеріс белгілі бір шарттарды сақтаған жағдайда табысты жүзеге асатыны баршаға түсінікті. (Ю.К.Бабанский, Н.Д.Хмель және т.б.) [1, 2].

Шарт деп қоршаған ортаның қандай да бір үрдісіне ықпал ететін жағдайлар мен факторларды түсіну қабылданған. С.И. Ожегов пен Н.Ю.Шведова шарт ұғымын өзіне кез-келген нәрсе тәуелді, бағынышты болатын жағдай деп түсіндіреді [3,4] Кез-келген құбылыстың соңғы нәтижесі оған әсер ететін жеке себептерге ғана емес, ішкі және сыртқы шарттардың жиынтығына байланысты, ал бұл шарттар алдыңғы ішкі және сыртқы шарттардың нәтижесінің ара қатынасынан пайда болып отырады. Ғылыми әдебиетте «шарт» ұғымына анықтама беруге әртүрлі көзқарастар бар. Философиялық энциклопедиялық сөздікте «шарт» сөзіне келесі анықтама берілген: 1) онсыз өмір сүру мүмкін емес орта; 2) бір жайт болып жатқан жер.

Бұл екі анықтаманың да тоқетері – шарт туғызу дегеніміз – заттың қоршаған ортамен қарым-қатынас орнатып, онсыз тіршілік ете алмау категориясы деп айтар едік.

Ал кәсіби-шығармашылық белсенділікті қалыптастырудың педагогикалық шарттарын анықтағанда біз шарт – философиялық ұғым, ол заттың өзін қоршаған құбылыстарға қарым-қатынасын білдіреді, оларсыз шарт жүзеге аспайды делінген тұжырымдамаға сүйендік. Шарттар түрлі құбылыстар мен әрекеттер пайда болатын, жүзеге асатын және дамитын ортаны құрайды. Ал педагогикалық шарттар дегеніміз қойылған міндеттерді нәтижелі шешуді қамтамасыз ететін шынайы мүмкіндіктер жиынтығы.

Қорыта келсек, педагогикалық шарт дегеніміз – алға қойған міндеттерді шешуге бағытталған материалдық-кеңістіктік ортаның мазмұны, формасы, әдісінің нақты мүмкіндіктерінің жиынтығы. Бұл жерде педагогикалық шарттарға ғалымдар тек педагогикалық үдерісте саналы түрде құрылатын және жүзеге асуы оның тиімділігін қамтамасыз ететін шарттарды ғана есептейді. Жоғарыда айтылғандардың негізінде, көркемсурет-графика факультеті студенттерінің пленэрлік практикасы өзінің сипатына қарай қоғамдық шығармашылық әрекет болып табылады, өйткені өзінің арнайы мазмұны мен құрылымы бар, аясында жеке тұлғаның қажетті қасиеттері мен болашақ мұғалімнің өз кәсіби көзқарасы қалыптасады.

Бүкіл пленэр практикасының негізгі мақсаты – практикалық аудиториялық әрекетпен біріге отырып болашақ бейнелеу өнері мұғалімінің

бүтін тұлғасын қалыптастыру, оның кәсіби дайындығын жетілдіру. Әйтсе де, мұғалімнің жеке тұлғасын кәсіби-шығармашылық белсендігін қалыптастыру тек мақсатты түрде ұйымдастырылған педагогикалық үдерісте мүмкін болады, ал сол педагогикалық үдерістің бөлінбейтін бір тармағы болып кәсіби-педагогикалық және шығармашылық бағыты айқын студенттердің пленэрлік практикасы саналады. Көркемсурет-графика факультеттеріндегі пленэрлік практиканың құрылымында болашақ бейнелеу өнері мұғалімінің кәсіби-шығармашылық белсенділігін қалыптастыруға кері әсер ететін кемшіліктер де жоқ емес:

- пленэрлік практиканың тиімділігі көбінесе студенттердің емес, оқытушылардың бастамасынан жүзеге асырылады;
- белсенділікті ынталандыратын, шығармашылықты оятатын жағымды шығармашыл ортаның болмауы;
- студенттердің көпшілігі селқостық танытып, үнемі санаулы студенттердің ғана белсенділігін көрсетуі;
- оқытудың проблемалық технологиясының қолданылмауы;
- студенттерде жеке шығармашылығын дамытуға, өз қабілетін көрсете білуге деген ынта қалыптаспағандығы.

Жоғарыда аталған кемшіліктерді болашақ бейнелеу өнері мұғалімінің кәсіби-шығармашылық белсенділігін пленэрлік практиканы өту үдерісінде қалыптастыруға ықпал ететін педагогикалық шарттарды бөліп қарастыру арқылы жоюға болады.

Шарт дегеніміз педагогикалық шаралар жиынтығы (шынайы мүмкіндіктер) болса, яғни бұл шаралар болашақ бейнелеу өнері мұғалімінің кәсіби-шығармашылық белсенділігін пленэр практикасын өту үдерісінде қалыптастырудың күтілетін нәтижесін қамтамасыз етпек. Болашақ бейнелеу өнері мұғалімінің кәсіби-шығармашылық белсенділігін қалыптастырудың педагогикалық шарттарына төмендегілерді жатқызуға болады:

- Болашақ мұғалімнің жеке тұлғасын өзін-өзі шығармашылықпен дамытуды мақсат ету;
- Жағымды шығармашылық орта құру;
- Заманауи педагогикалық технологияларды белсенді қолдану.

Бірінші шарт: болашақ мұғалімнің өзін-өзі шығармашылық тұрғыдан дамытуды мақсат ету. Жетекші педагогикалық шарттарды атағанда ең ыңғайлы сыртқы жағдайлармен, яғни болашақ бейнелеу өнері мұғалімін кәсіби-шығармашылық әрекетке дайындаудың тиімділігін арттыруға ықпал ететін жағдайлармен қамтамасыз етеді. Педагогикалық практика барысында шығармашылық қабілеттерді дамыту керектігіне, шығармашылыққа үйретеді, бірақ оқыту өз бетінше оқуға, тәрбиелеу өзін тәрбиелеуге, жеке тұлға даму шарттарынан шығармашылықпен өзін өзі дамыту жолына ауысатындай шарттар тудыруы қажет.

Даму психологиясымен танысуда, даму дегеніміз – өзгеру деген ұғымды береді. Осы үнемі өзгеріп отыру үдерісі саналы түрде әрі түрлі деңгелерде жүзеге асып отырады. Адам бойындағы өзгеріс жағымды

бағаланса, онда біз оны дамыды деп айтамыз. Ал өзін дамыту деп адамның саналы әрі мақсатты түрде жеке басын өзгертуге жағдай тудыруын немесе өзін өзгертуге бағытталған практикалық іс-әрекеттің жүзеге асырылуын атаймыз. Өзін дамыту ұғымы даму ұғымынан кеңірек, өйткені өзін дамытуға адамды дамыту мен тұлғаны дамыту ұғымдары кіреді.

Осы айтқанымызға орай, студент тұлғасының өз шығармашылығын дамытуды мақсат етіп алуы, кәсіби-шығармашылық іс-әрекетіндегі іс тәжірибесінің маңызының көтерілуі төмендегі жағдайлар көмегімен жүзеге асады деген ойға келіп отырмыз:

- болашақ мұғалімнің көркемдік шығармашылық әрекетте, әсіресе пленэр практикасы кезінде жеке табыстарға жетуін ынталандыру;

- студенттің өз мүмкіндіктерін шығармашылықпен жүзеге асыру кезіндегі сұраныстарын оның жеке басы үшін маңызды шығармашылық әрекетке тарту арқылы қанағаттандыру.

Сонымен, пленэр практикасын өту үрдісіндегі өз шығармашылығын дамытудың негізі ішкі қажеттілігі осы әрекетте тұлғаның өзін мінсіз жетілдірудің тоқтамы болып табылады. Әрекеттегі жетістіктер, оның сапасы, бірінші кезекті, адамның өз ісіне деген көз-қарасына байланысты, адам бойында өз шығармашылығын дамытуды бағалай білу қаншалық деңгейде тұрақтанса, соншалық мөлшерде болашақ бейнелеу өнері мұғалімі өз шығармашылық қасиеттерін саналы түрде дамыта алады.

Сонымен, біздің ойымызша, өзін дамыту – адамның жеке тұлға ретінде өз мүмкіндіктерін барынша толығымен жүзеге асыруға бағытталған саналы іс-әрекеті. Өзін дамытуда іс-әрекеттің айқын, саналы түрде тандалған мақсаттары, идеалдары мен жеке қызығушылықтары болуы тиіс.

Екінші шарт; жағымды шығармашылық орта тудыру дегеніміз – ол болашақ бейнелеу өнері мұғалімінің жеке шығармашылық белсенділігі қалыптасу деңгейінің өзгеруіне жанама ықпал ететін сыртқы неғұрлым ыңғайлы шарттармен қамтамасыз ету.

«Орта» термині ғылым мен әдебиетте кең қолданылатындықтан бірнеше мағынасы бар. Ең жалпы ұғымда, орта дегеніміз – бұл біздің айналамыз, «адамды қоршап, оған тура және жанама әсер ететін шарттар мен ықпалдар жиынтығы». Энциклопедиялық «сөздікте» «қоршаған орта», «табиғи орта», «әлеуметтік орта» түсініктеріне анықтама берілген. «Қоршаған орта» түсінігіне қоғамның өмір сүруі мен дамуының материалдық және рухани шарттары кіреді. Макаров «Әлеуметтік орта» түсінігіне адамның өмір сүруі мен іс-әрекетіне қажетті оны қорғаған қоғамдық, материалдық және рухани шарттар деген анықтама берілген. Осы терминді кең ауқымда былай түсінуге болады – әлемдік орта, яғни, бүкіл әлеуметтік кеңістікті қамтитын қоршау (өндіріс аясы, қоғамдық қатынастар, ақыл-ой, мәдениет), және қарапайым түрде – тар орта, яғни адамның етене жақын ортасы (аудитория, топ, жетекші, пән оқулығы).

И.С.Якиманскийдің айтуынша, қоршаған орта дегеніміз – оқушы адам іс-әрекетінің әралуан түрлері мен формаларын үйренетін, ғылыми білімдерді

игеретін, эмоционалдық қарым-қатынастар, тілдесу, өзара ықпалдасу іс-тәжірибелерін сіңіретін арнайы ұйымдастырылған білім кеңістігі болып табылады. Автор осындай ортаны «дамытушы» деп атап, оның оқушының дамуы мен жеке басының даму бағытын өз бетінше таңдауына мүмкіншілік тудыратын еркін жағдайлар тудырады деп басты назар аударады [5].

Шығармашыл және дарынды студенттер жақсы дами алады және студент пен оқытушы арасындағы элеуметтік ахуал мен өзара қарым-қатынасы оның іс-әрекетке деген қатал талаптарымен, жағымды эмоционалдық көңіл-күйімен айқындалатын ұжымда өзін жақсы ұстайды. Осының өзі шығармашыл ортаны құрады, өйткені сол арқылы тұлғаның шығармашылық белсенділігі мен мінез-құлқының өзгеруін ынталандыруға қол жеткізіледі.

Шығармашыл орта дегеніміз, онда еркін әрі белсенді, қоршаған ортаны игеру мен өзгертуге құлшынған, өзін жоғары бағалайтын, ашық, өз ойын еркін айтып, ісіне ерік берген жеке тұлғаның өзін дамытуы жүзеге асатындығымен сипатталады. Ал өзара қарым-қатынастың әрбір мүшесі келесісінің дамуының шарты мен жолы болып табылатын педагог пен шәкірттің бірлесіп шығармашылықпен айналысу идеясы ынтымақтастық педагогикасында, мұғалімнің әңгімелесу тұрғысы тұжырымдамасында, бірлесіп шығармашылық әрекет етуі.

Яғни, бірлескен шығармашылықтың болмысы әңгімеден тұрса, ол өзара ықпалдасудың барлық мүшелерінің шығармашылығымен іштей байланысты болып, педагог пен студенттің өзара ықпалдасуы белгілі бір мазмұнның негізінде жүзеге асады. Ал мазмұн – пленэр практикасындағы көркем-шығармашылық іс-әрекеттер – дәрістік сабақ, әңгімелесу, көрме, мұражайларға саяхат, мастер-класс, электрондық оқу құралдары мен ойын сабақтар сияқты іс-шаралар педагог пен студенттің бірлескен еңбегінің нәтижесі болып табылады. Одан басқа, олардың бірлескен еңбек ету қарым-қатынасының мәні болып көркемсурет-бейнелеу өнерімен тілдесуі – ескі суретшілер жұмысынан репродукциялық жұмыстар, мұражай экспонаттарына талдау, белгілі өнер қайраткерлері мен шеберлердің қатысуымен мастер класс – әрбір студентке өз шығармашылық белсенділігін жүзеге асыруға, өзін тұлға ретінде танып-білуіне мүмкіндік беретін өзара қарым-қатынастың құрылуы есептелінеді.

Өзара қарым-қатынастағы әрбір жақтың бірін-бірі өзгертуге, тұлғаның біртұтас құрылымының өзгеруіне әкеп тірейтін іс-әрекеті әсер етіп, студенттің өміріндегі іс-тәжірибелерін іске қосу, ынталандыру, өзін дамытуға жағдай тудыру арқылы бірлескен шығармашылық құрады. Ол үшін педагог студенттің іс-тәжірибесін зерттеп біледі, кездесуі мүмкін қиындықтар, қателіктерді болжайды, оларды түзету, қайта құру және байыту жолдарын көрсетеді.

Сонымен, біз болашақ бейнелеу өнері мұғалімінің кәсіби-шығармашылық ортасын қалыптастырудың негізгі шарты мен тәсілі болып табылатын жағымды шығармашылық ортаның мазмұнын, формасы мен

қызметін қысқаша баяндадық. Бұл жерде шығармашылық орта жеке адамның тұлғалық дамуына ықпал етеді, ал кәсіби-шығармашылық белсенділіктің көркемдік-практикалық тұрғыдан дамуына пленэр практикасы мазмұнында заманауи педагогикалық технологияларды белсенді қолдану ықпал етеді.

Болашақ бейнелеу өнері мұғалімінің кәсіби-шығармашылық белсенділігін қалыптастыруға бағытталған пленэр практикасы мазмұнында инновациялық педагогикалық технологияларды қолдану шартын талап етіп отыр.

Тұлғаны дамытуға бағытталған оқытудың бір ерекшелігі – онда әр жақты саралап, деңгейлеп оқытудың жүзеге асырылуы. Деңгейлеп оқыту арқылы студенттерді бір бағдарламамен оқыта отырып, олардың өз мүмкіндігінше түрлі деңгейде игерілген білім деңгейі бағдарлама талаптарынан жоғары технологиялар қолданылуы тиіс. Осылайша заманауи педагогикалық демократияланған оқыту жүзеге асады. Осындай қосымша технологиялар студенттерге құбылыстар мен заттардың өзара ықпалы туралы білімдерді игерту ғана емес, олардың қиялы мен ойлауын дамытады. Сонымен қатар сабақ барысында әр түрлі жұмыс формасына ауысу олардың шаршауына, жалығуына жол бермей, үнемі серігітіп отырады. Оқытудың әр түрлі кезеңдерінде техникалық ойлауды дамытумен қатар оқыту үрдісінде көрнекі құралдар мен техникалық, электрондық құралдарды да қарқында түрде қолдануы болашақ педагогтардың кәсіби-шығармашылық белсенділігін арттырады.

Қазіргі кезде Қазақстанда білім берудің ескірген пәндік оқыту нұсқасының орнына жаңа тұлғаға бағытталған, оқушы тұлғасына ынтымақтастықпен жұмыс істеудегі толыққанды серіктес деп қарайтын жаңа нұсқа туындап отыр. Осылайша, дәстүрлі оқытумен қатар, заманауи педагогикалық инновациялық технологияларды қолдану арқылы болашақ суретші-педагогтардың кәсіби-шығармашылық белсенділігін дамытатын, жеке қасиеттері арқасында шығармашылық күшін жүзеге асыратын, кәсіби шеберлігін шыңдайтын оқыту түрі орын алып отыр.

Сол себептен оқу шығармашылық әрекеттер көздеген мақсатқа жетелейтін және студенттердің білім сапасын дамытуды жүзеге асыруы мүмкіндік туғызатын инновациялық әдістерді пайдалану қажет және олар студенттердің өзіндік жұмыстары, оқу-іздену жұмыстары, педагогикалық іс-тәжірибесі оқудан тыс пленэрлік практика барысындағы жұмыстарында ескерілгені дұрыс. Сондай-ақ кәсіптік оқыту саласында басқа да интегралдық технологияларды пайдалануға болады. Ал педагогикалық технология белгілі бір жүйе болып құрылуы тиіс. Жүйенің барлық бөліктері логикалық байланыста болуы шарт.

Ал пәндердің мазмұнын қайта құру мен тиімді тәсілдері инновациялық технологияларды қолдану арқылы оқыту үдерісі «оқытушы және студент» қарым-қатынасы арқылы ұйымдастыруға жетелесе, нәтижелер кәсіптік салаға бағытталған шығармашылықты меңгеруге негізделген инновациялық технологиялардың тиімдісін таңдау және пайдалану мүмкіндік туғызады.

Мұндағы практика жетекшісінің міндеті мәселені оқыту үдерісінен гөрі оның нәтижесіне қарай бұруды басшылыққа алу. Нәтиже әлеуметтік сұраныс талаптарынан пайда болғандықтан, кәсіби білім беру мазмұнына әсер етеді.

Заманауи педагогикалық технологияларды қолдану барлық оқу түрінде қолдануға жарамды болуы, бұдан инновациялық технологиялар арқылы пәндерді біріктіріп, олардың арасындағы байланыстарды дамытып, өзара ынтымақты іс-әрекеттерді тереңдету деген ұғымға келеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1 *Бабанский Ю.К. Оптимизация учебно-воспитательного процесса: Методические основы.* – М.: Просвещение, 1982. – 345 с.

2 *Хмель Н.Д. Теория и технология реализация целостных педагогических процессов: электрон.учеб. / Хмель Н.Д., Коркина В.И., Карагандинский гос. ун-т. – Электрон. текстовые дан.(1.17Мб).* – Караганда: Изд-во КарГУ, 2003.

3 *Ожегов С.И. Словарь русского языка.* – М.: Просвещение, 1986. – 567с.

4 *Шведова Н.Ю. Толковый словарь русского языка. Электронная книга библиотека деловых людей.* – М.: Просвещение, 1998. – 345 с.

5 *Якиманская И.С. Требование к учебным программам, ориентированным на личностное развитие школьников // Вопр. психологии.* – 1994. - № 2. – С. 64-76.

Резюме

В этой статье рассматриваются возможности пленэрной практики и педагогические условия формирования профессионально-творческой активности будущих учителей изобразительного искусства в процессе ее прохождения.

Summary

Possibility пленэрной practical persons and pedagogical conditions of the shaping professional-creative activity of the future teachers graphic arts is considered In this article in process of her(its) passing.

ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ МЕН САПАЛЫ БІЛІМ БЕРУДЕГІ ТӨЛ ӨНЕРІМІЗ БЕН МӘДЕНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫМЫЗДЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

М.С.Нүрке -

*Сәндік қолөнеркафедрасының аға оқытушысы,
ҚР суретшілер одағының мүшесі*

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында білім беру жүйесінің басым міндеттері ретінде ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік шыңдауға бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, азаматтық пен ұлт жандылыққа, өз Отаны - Қазақстан Республикасына сүйіспеншілікке, халық дәстүрлерін қастерлеуге тәрбиелеу, отандық және әлемдік мәдениеттің жетістіктеріне баулу, қазақ халқы мен республиканың басқа да халықтарының тарихын, әдет-ғұрпы мен дәстүрлерін зерделеу атап көрсетілген.

Мемлекетімізде ұлттық маңызы бар бірқатар бағдарламалар болса, соның бірегейі «Мәдени мұра» бағдарламасы болып табылады. Қазақстан Республикасының Президентінің 2004 жылғы 13 қаңтардағы №1277 жарлығымен бегітілген «Мәдени мұра» бағдарламасы /1/. Бағдарламаның басты мақсаты Рухани және білім беру саласын дамыту, елдің мәдени мұрасының сақталуы мен тиімді пайдалануын қамтамасыз ету. Ұлт тарихын түгендеу, ұлт руханиятын қайта түлету мақсатында жасалынған бұл бағдарлама ұзақ мерзімге бағытталған кешенді, жүйелі іс-шаралардың мазмұнын құрайды. Бұл мақсаттың тиімді шешімін табуда әлемдік ғылыми ой-сананың, ұлттық мәдени құндылықтар мен төл өнеріміздің таңдаулы жетістіктерінің негізінде гуманитарлық білім берудің мемлекеттік тілдегі толыққанды қорын жасау міндеті қойылып отыр.

Қазақ халқының тұрмыс тіршілігі мен рухани дүниесін және ұлы мәдениетін айқындауда дәстүрлі сәндік қолөнердің алатын орны ерекше. Қазақ халқы өз ханын таққа отырғызарда, марапаттап ақ киізде көкке көтергені тарихи деректерден белгілі. Көне Пазырық қорғанынан табылған текеметтегі сюжетті композицияда «күдай ана патша отбасының символын жас сақ жауынгеріне ұсынып тұрғаны бейнеленген»- деп көрсетіледі /2/. Ата бабаларымыз көшпенді тіршілік құрып, мал шаруашылығымен шұғылданып, қолында бар табиғи материалдарды үлкен талғамдықпен тиімді қолдана білген. Киіз үйдің өзі күрделі конструкциядағы архитектуралық тұрғын үй болса, текемет, сырмақ, кілем, шым ши және бау-басқұрларды философиялық терең мән мағынасымен әсерлі өрнектеп, әр бір қолданымдағы бұйымдардың өзін көркем өнерге айналдыра білген. Күнделікті қолданымдағы қарапайым заттардың қазақ халқының рухани дүниесінен, бай мәдениетінен көрініс беретін көркем туындыларға айналып, құндылығын өзгертуі табиғи, әрі заңды құбылыс. Қазақ халқының рухани дүниесі мен мәдениетін өскелең ұрпаққа жеткізе білу ұлттық тәрбие берудегі басты міндеттеріміздің бірі.

Көркем тоқыма өнерінің құндылықтарын зерттеумен қатар білім мен тәрбие жүйесіне енгізу, өз халқының өнерін бойына сіңірген ұлт жанды тұлғаның қалыптасуына ықпал етері анық. Сәндік қолөнер соның ішінде көркем тоқыма өнерін этнопедагогикадан немесе халықтық педагогикадан бөліп алу мүмкін емес. Қазақ, қазақ болғалы бала тәрбиесіне аса үлкен көңіл бөлгенін ескеретін болсақ, сәндік өнер арқылы әсіресе қыз балаларға үй жасауын жасату барысында олар; шым ши және кілем тоқу, кесте тігу, текемет және киіз басумен сырмақ сыруда әсемдік пен сұлулық сезімін қалыптастырып, эстетикалық тәрбие бере отырып баланың философиялық ой өрісін дамытып, шыдамдылық пен төзімділікке, еңбекқорлыққа баулу мен қатар рухани деңгейін көтеріп, рухын шыңдай білуге үйреткен. Қазіргі жаһандану заманында тәрбиенің осы түрі өзінің маңыздылығын жоғалтқан жоқ:

– дәстүрлі өнерді негізге ала отырып ұлттық тәрбиені бала бақшадан бастап, мектеп бағдарламасы мен жоғарғы оқу орындарына жүйелі түрде бағыттау;

- дәстүрлі өнер қазіргі заман сұранысына байланысты технологиялық жетістіктерді қолдана отырып баланың қызығушылығын арттыратын, ойлау қабілетін дамытып, өздігінен шешім қабылдайтын, шығармашылық негізде құрылуы тиіс;

- осы көрсетілген ұсыныстар бала бақша, мектеп және жоғарғы оқу орнының тәжерибиелі кәсіби мамандарының тығыз байланысымен жүйелі түрде іске асуы қажет;

Бұл ойды іске асыру үшін:

- баланың жас ерекшелігін ескере отырып, сатылы түрде бірнеше бөлімге жіктелген бағдарлама құру;

- осы бағдарламаларға арнайы оқу құралдары (электронды оқулық, әдістемелік материал) жасалуы тиіс;

- бағдарламаларға арнайы мұражайда өткізілетін сабақ, дәріс түтлерін енгізу;

- әр жұмысқа арнайы жұмыс сызбасы көрсетілген (текемет, шым ши, ақ басқұр) қажетті құрал саймандардың жинағы дайындалуы қажет;

– киіз, текемет басуға қажетті жабдықтар және жүн шикі заты өңдеуден өткізіліп, түрлі- түске боялып, қолдануға дайын күйінде дүкендерде сатылуы тиіс.

Бүгінгі таңда уақыт талабына қарай текемет және киіз өнері дамуының жаңа кезеңінен өтуде. Бұл көбінде Ұлы Британия, Германия, Шведцария тәрізді батыс елдерінің киіз өнерімен байланыстан туындаған мәселе. Мал шаруашылығы дамыған кез келген батыс елдерінде киіз өнері ертеден ақ қалыптасқан бірақ, олардың қазақ киіз өнерінен ерекшелігі тұрмыс тіршілігінде үлкен әрі көлемді бұйымдардың қажеттігі болмаған себебінен кішігірім заттар жасаумен шектелген. Ал киіз үй, текемет және сырмақтар қазақ халқының мағыналы салт- дәстүрін, философиялық кең дүние танымын көрсететін, адам санасының тереңдігін ашатын көркем туындылар қатарына жатады. Суретшілер Katharina Thomas (Германия)/3/, Jorie Johnson

